

АЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №16-17 (130-131) 10 сәуір 2026 жыл

АҒА БУЫН-АЛТЫН КӨПІР

Құрметті конференция делегаттары, ардақты ардагерлер!

Алматы облысының жеке әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде құрылуы өңірдегі қоғамдық ұйымдардың жүйелі дамуына жаңа серпін берді. Осы жаңғыру үдерісінде мемлекеттік бастамаларды халыққа жеткізу және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету тұрғысынан «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалының қызметі айрықша маңызға ие. Өйткені, аймақтың қалыптасу кезеңінде қоғамдық тұрақтылықты сақтау, тұрғындардың бірлігін нығайту және рухани құндылықтарды орнықтыру – ең басты міндеттердің бірі. Бұл тұрғыда аға ұрпақ өкілдері елдің өткен тарихы мен бүгінгі даму белестерін ұштастырушы алтын көпір іспетті. Ардагерлер ұйымы құрылғалы бергі үш жылдың ішінде алдыңғы буынның өмірлік тәжірибесі арқылы облыстың даму бағытын айқындауда ақыл-кеңес беріп, қоғамдық бастамаларға белсене араласып келеді.

Сонымен қатар, ардагерлер ұйымы жұртшылықты ортақ мемлекеттік мақсаттарға жұмылдыруда тиімді жұмыс атқаруда. Өткізілген түрлі кездесулер мен дөңгелек үстелдер тұрғындардың жаңа әкімшілік құрылымның әлеуетіне деген сенімін арттыруға тікелей ықпал етіп келеді. Сонымен қатар, ел ішіндегі татулық пен келісімді сақтауда да аға ұрпақтың орны бөлек.

Ұйым қызметінің тағы бір маңызды бағыты – жастар тәрбиесі. Білім беру мекемелеріндегі тағылымды кездесулер жас буынның бойында отансүйгіштік, еңбекқорлық және туған жерге деген сүйіспеншілік қасиеттерін қалыптастырудың берік негізіне айналып отыр.

Рухани жаңғыру мәселесіне тоқталсақ, ардагерлер ұлттық салт-дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды дәріптеу арқылы өңірдің мәдени тұтастығын нығайтуға атсалысуда. Облыс орталығы мен аудандарда өткізіліп жатқан сан алуан іс-шаралар – осы жүйелі жұмыстың айқын дәлелі. Бұл бағыттағы ізденістер тек мәдени шаралармен шектелмей, нақты институционалдық жобалармен толығып келеді. Атап айтқанда, ұйым

басшылығының бастамасымен «Алатау ардагері» газеті жарыққа шығып, бүгінде оның таралымы 8 500 данаға жетті. Бұл – аймақтағы аға буынның ақпараттық қажеттілігін өтеу жолындағы ауқымды жетістік. Сондай-ақ, «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігімен орнатылған тығыз байланыс ұрпақтар сабақтастығын жаңа деңгейге көтерді. Ал 2025 жылы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің құрылуы – аналар қауымының әлеуметтік белсенділігін арттырудағы дер кезінде қабылданған маңызды шешім.

Атқарылған ауқымды істердің нәтижесі көрсеткендей, облыстық ардагерлер ұйымы – өңірдегі тұрақтылықтың тірегі және бірліктің ұйытқысы. Сіздердің парасат-пайымдарыңыз бен сындарлы қызметтеріңіз өңірдің жан-жақты өркендеуіне алдағы уақытта да зор серпін беретіні сөзсіз. Ұйымның жұмысы өркендей берсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Құрметті ардагерлер! Бүгінгі есеп беру-сайлау конференциясының жұмысына сәттілік тілеймін!

**Ізгі ниетпен,
Алматы облысының әкімі
Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВ.**

АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР

2023 жылдың 1 қыркүйегінде Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төл басылымы - «Алатау ардагері» газетінің бірінші саны жарыққа шығып, оқырманға жол тартты «Алатау ардагері» қоғамдық саяси газетінің негізгі бағыты ардагерлердің жастарға тәлім-тәрбие беру, зейнеткерлердің белсенділігін арттыру жөніндегі іс-шараларын насихаттау, облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестері қосып жүрген аға ұрпақ өкілдерінің өнегелі өмір жолын, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің жұмысын дәріптеу нәтижесінде қажетті ақпараттардың көлемі ұлғайып, жариялылыққа бет бұрылды Облыс ардагерлері облыста атқарылып жатқан іс-шараларды енді осы ақпарат



құралы арқылы ала алатын дәрежеге жетті. Жаңаша бағытқа бет түзеген қоғамдық ұйымды басқару әдістері де түбегейлі өзгеріп, жұмыстың нақты формуласына көшіті. Бұл әрекет мақсатты айқын іс-қимыл жасауға, жергілікті жердегі активтерді оқытуға және ортақ жұмыстарға ұйымдастыруға мүмкіндік туғызды. Осы уақытта облыстық ұйым басшылығының, оның қызметкерлері мен белсенділерінің облыс аудандарына жасаған іссапарларында аудандық ұйымдармен тығыз байланыс жасауға негіз қаланды. Бұл – жаңартылған, жеделдетілген, бір жүйеге келтірілген нәтижелі жұмыстың жемісі. Газеттің таралымы 2024,2025 жылдары 6500 болса, 2026 жылы 8500 данаға артты.

2024 жылдың наурыз айында облыстық ардагерлер кеңесінің жанынан «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігі құрылып, бірлестіктің аудандардағы ұйымдары жұмыс істей бастады. Мұндағы мақсат – ардагерлер мен жастар арасындағы жұмысты барынша жандандыру. Жастарға өнегелі тәрбие беру арқылы олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру. Жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу, оларды еңбекқорлыққа баулу, ғылым-білімге деген құштарлықтарын арттыру бағытында жоспарлы түрде игі шаралар жүзеге асырылып келеді.

2025 жылы облыстық ардагерлер кеңесінің жанынан «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің аудандардағы филиалы құрылып, қыркүйек айында облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, оның орынбасары, бірлестік мүшелері толық сайланды. Қоғамдық бірлестіктің басты мақсаты көпбалалы, жалғызбасты және мүмкіндігі шектеулі аналарды қолдау, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, қоғамда аналардың мәртебесін арттыру десек, аз ғана уақыт аралығы ішінде бірқатар шаруа жасалды.

ДЕРЕКТЕР СӨЙЛЕЙДІ

ӨТКЕНГЕ БҮГІННЕН:

Жылдар белестеріндегі берекелі істер

2023 жыл.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы 2023 жылы бірқатар іс-шараларды өткізіп, абыспен қорытындылауда. Айтар болсақ, шілде айында Іле ауданының Ащыбұлақ округіне қарасты М.Түймебаев ауылында облыстық ардагерлер ұйымы «Ардагерлер мен зейнеткерлердің қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуын арттырудағы ардагерлер ұйымдарының рөлі мен міндеттері туралы» тақырыпта семинар өткізді.

Бұл семинардың мақсаты ардагерлер мен зейнеткерлердің әлеуметтік белсенділігін арттыру, оларды облыс, аудан көлеміндегі мәдени іс-шараларға көптеп тарту. Семинарға Алматы облысына қарасты аудандардағы ардагерлер және бастауыш ұйымдарының төрағалары қатысты. Облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов ардагерлер ұйымдарының қызметін жандандыру, бастауыш ардагерлер ұйымдарына жұмыстың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану мүмкіндігін беру, оларға барынша қамқорлық жасау, туындаған мәселелерді шешуге көмек көрсету, қарттардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жайына кеңінен тоқталды. Сол сияқты ардагерлер ұйымдарының қоғамдық-саяси өміріндегі рөлін арттырып, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, олардың өмірде өз орындарын табуына көмектесудің қажеттілігін атап өтті.

XXX

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы облыс ардагерлерінің шығармашылығын арттыру, оларды қоғамдық шараларға белсене қатыстыру, аудандық ұйымдардың бір-бірімен тығыз байланыста болуы, бір-бірінің жетістігін дәріптеу мақсатында жүйелі түрде түрлі іс-шараларды өткізіп келеді. Соның бірі 2023 жылдың тамыз айында өткен Жамбыл аудандық Мәдениет үйінде өткен «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат» атты көрме. Алматы облысының 9 ауданы, бір қаласынан келген 41 адам өздерінің қолынан шыққан зергерлік бұйымдарды, алаша, құрақкөрпе, киіз, көрпе-жастық, кимешек, қоржын, жүннен тоқылған киім-кешек сияқты бұйымдар мен ер тоқым, тобылғы қамшы, үзенгі сияқты ат әбзелдерін, домбыра, қобыз, астауларды, сурет туындыларын ұсынды. Жалпы, көрме колөнердің зергерлік, тігіншілік, тоқымашылық, ұлттық бұйымдар жасау және суретшілік түрлері бойынша ұйымдастырылды.

● КОНФЕРЕНЦИЯДАН КОНФЕРЕНЦИЯҒА ДЕЙІН

АРДАГЕРЛЕР ЖОЛЫ АРДАҚТЫ



**Құрметті
Алматы облысының ардагерлері!**

Бүгін біз Алматы облысы ардагерлер ұйымының соңғы үш жылда атқарған жұмысының қорытындысын шығарып, алдағы міндеттерімізді айқындау үшін бас қосып отырмыз. Бұл кезең еліміз үшін де, қоғамымыз үшін де айрықша маңызды, өзгерістер мен жаңғыруларға толы уақыт болғаны анық.

Қазіргі таңда Қазақстан жаңа даму кезеңіне аяқ басты. Ел өмірінде жүзеге асырылып жатқан саяси реформалар-әділетті қоғам құруға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты қадамдар. Осы тұрғыда өткен Ұлттық Құрылтай-қоғам мен билік арасындағы ашық диалогтың жаңа үлгісін қалыптастырған маңызды алаң болды. Құрылтайда көтерілген мәселелер ел дамуының басым бағыттарын айқындап, халықтың үніне құлақ асатын мемлекет қағидаттарын нақтылай түсті.

Сондай ақ, еліміздің саяси өміріндегі аса маңызды оқиғалардың бірі Ата заңымызға өзгерістер енгізу жөніндегі референдум болды. Бұл референдум-ел болашағына бейжай қарамайтын әрбір азаматтың жауапкершілігін арттырған тарихи қадам.

Жоғарыда тілге тиек еткен Ата заңға енгізілген өзгерістер ардагерлер үшін де үлкен маңызға ие. Ол әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл өзгерістер ардагерлердің қоғамдағы орнын айқындап қана қоймай, олардың лайықты өмір сүруіне құқықтық негіз қалайды.

Бүгінгі таңда облысымызда 154 ардагер бар. Бұл-үлкен күш, мол тәжірибе мен тәрбиенің қайнар көзі. Сондықтан ардагерлерге мемлекет басшысының саясатын жеткізу, жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін түсіндіру-аса маңызды міндет. Өйткені ардагерлер-қоғамның тірегі, жастарға бағыт-бағдар беретін ақылшы буын.

Құрметті әріптестер!

Соңғы үш жылда Алматы облысы ардагерлер ұйымы ардагерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың қоғам-

дық өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз ету бағытында бірқатар ауқымды жұмыстар атқарды. Атқарылған жұмыстардың әрқайсысына баяндама барысында арнайы тоқталатын боламын.

Алматы облысы бұрын орталығы Талдықорған қаласы болған облыстан бөлініп, өз алдына шаңырағын бөлек тұрғызғалы бері үш жылдай уақыт өтті. Бөлек облыстық аймақ болған соң көптеген мекеме-ұйымдар жаңадан құрыла бастады. Солардың бірі Алматы облыстық ардагерлер ұйымы болатын. Осы істің басы-қасында облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің өзі болып, сол кісінің қамқорлығымен, қолдауымен ашылған ұйым екенін сөз басында әділдік үшін айта кеткім келіп отыр.

Осы ұйым алдында алғашқы жылы ауқымды міндеттер тұрды. Ардагерлер ұйымының тарихындағы алғашқы 2023 жылымыз Абай ағамыз айтпақшы, «ақырын жүріп, анық басқан», сол міндеттерді жүзеге асыра бастаған қалыптасу кезеңі еді. Алғашқы жылы жұмысты жүргізуді ардагерлердің жүйесін құрудан бастадық. Облысымыздың аудандарында аудандық ардагерлер кеңестері, одан кейін әр елді мекенде ардагерлердің бастауыш ұйымдарын құруға қол жеткіздік. Құрылған ұйымдарда жұмысты жандандыру үшін бағыт-бағдар беріп, олардың орындалуын бақылауға алдық. Соған байланысты ардагерлердің қоғамдық жұмыстарға қатысу маңыздылығын арттырудағы рөлі мен міндеттері туралы облыстық семинар ұйымдастырылды. Одан бөлек сол жылы «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат» бағдарламасы шеңберінде қолданбалы өнер шеберлерінің жиынтық облыстық көрмесі, ардагерлер арасында «Баталы ел көгерер» облыстық байқауы, «Атадан қалған асыл сөз» тақырыбында жастардың қатысуымен облыстық конференция, ардагер көркемөнерпаздар фестивалі өткізілді. Бұл жобалардың алға қойған мақсаты ардагерлер мен зейнеткерлердің әлеуметтік белсенділігін арттыру, оларды мәдени-көпшілік шаралармен қамту болды.

Бұл секілді шаралар келесі жылы да өз жалғасын тапқаны анық. Атап айтар болсақ, «Әжелер әлемі» облыстық байқауы, қарттар күніне арналған «Қарттарым-асыл қазынам», «Қарттары бар ел-қазыналы ел» тақырыптарында, сол секілді салауатты өмір салтын насихаттау бағытында шаралар өтті.

Ардагерлер ұйымдарымен жұмысымызды бір бағытқа бұрып алған соң жастармен жұмысымыз басталды. Қазіргі кезде еліміздің дамуы мен өркендеуі жас ұрпақтың біліміне, тәрбиесіне, азаматтық ұстанымына, отаншылдығына байланысты екендігін жақсы білеміз. 2024 жылы «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық! Біз біргеміз!» атты облыстық форумда бір топ жастар бастама көтеріп, облыстық ардагерлер ұйымы жанынан ұйым құру жөнінде ұсыныстарын білдірді. «Жастарға жол беру-тарихты тірліту, болашақты бекемдеу» деп, батамызды беріп, ақсөл тіледік. Нәтижеде облыстық ардагерлер кеңесінің жанынан «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігі құрылды. Сөйтіп, ол ардагерлер мен жас буын арасындағы алтын көпірге, кездесулер мен қозғалыстардың, тәжірибе алмасудың алаңына айналды.

Бұл-ұрпақтар үндестігінен туған ұйым. Ол ардагерлермен кездесулер, әскери бөлімдердегі жүздесулер, пікірталас клубтар, республикалық деңгейдегі кәсіпкерлер мен спортшылардың шеберлік сабақтарына ұласты. Жинақтала келе мұның бәрі жастар үшін үлкен серпіліске, айқын мотивацияға айналды. Оларға жаңа жұмысының ақ жолын көрсетіп, «Жастарды жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу жолдары», «Отанды қорғау-абыройлы борыш» тақырыптарында іс-шаралар өткіздік.

АРДАГЕРЛЕР ЖОЛЫ

АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР

XXX

Алматы облыстық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен Жамбыл аудандық Мәдениет үйінде тамыз айының соңғы күндері «Баталы ел көгерер» атты батагөйлер сайысы өткізілді. Бата беру дәстүрін қазақ халқының ұлттық құндылықтарының бірі кейінгі ұрпаққа өнеге ретінде үлгі ету, халық шығармашылығын насихаттау, қазыналы қариялардың бойындағы қасиеттерін дәріптеу арқылы жастарды имандылыққа тәрбиелеу, оларға үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйрету мақсатында өткен бұл сайысқа Алматы облысының әр ауданынан 11 адам қатысты.

XXX

Облыстық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен 2023 жылдың қыркүйек айында Есік қаласындағы Т.Молдағалиев атындағы мәдениет үйінде «Қарттарым – асыл қазынам» атты өнерпаздар фестивалі өтті. Аталған өнер сынына облыс қалала-



ры мен аудандарының өнерпаз қариялары қатысып, жұртшылық алдында шеберліктерін көрсетті. Ғасыр жасаған ҰОС ардагері Солтанбай Жарықбасов өнер аламанына қатысушыларға ақ батасын беріп, оларға сәттілік тіледі. Аталған өнер сайысында бақ сынағандар хор, халық аспаптар ансамблі, вокалды ансамбль, трио, дуэт, жеке орындаушы, мәнгерлеп оқу, би сынды 8 номинация бойынша және шахмат пен дойбы ойнаудан 230-ға жуық ардагер сынға түсті.

XXX

Қарасай ауданының орталығы саналған Каскелең қаласындағы аудандық мәдениет үйінде өткен Алматы облыстық ардагерлер ұйымы ұйымдастырған «Атадан қалған асыл сөз» атты конференцияда айтылған әңгіме өзегі ұрпақтардың үндестігі мен жалғастығына арналды.

XXX

2023 жылдың 15-ші желтоқсанында Қонаев қаласының Мәдениет үйінде «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық ардагерлер ұйымы кеңесінің кезекті Пленумы болып өтті. Пленум жұмысының күн тәртібінде «Алматы облысындағы аға буын азаматтардың жағдайын жақсарту жөніндегі «Белсенді ұзақ өмір» 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарының орындалуы туралы» мәселе қаралды.

Пленум жұмысын облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Алматы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының» бөлім басшысы Л.С.Оразбаева баяндама жасады.

2024 жыл.

2024 жылдың шілде айының алғашқы сенбісінде атақты Қарқара жайлауында «Дәстүрім-асыл қазынам» атты қымызмұрындық фестивалі өткізілді. Алматы облысы әкімдігі мен Кеген ауданының әкімдігі бірлесе ұйымдастырған осы игілікті іске көршілес Қырғыз елінен келген қонақтар, республика Парламент Мәжілісінің депутаттары, өнер сандалары, облыстың барлық аудандарының азаматтары мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты. Қымызмұрындық фестивалінің негізгі мақсаты-ұлттық сусынның құндылығын насихаттау, ұмытылып бара жатқан дәстүрді қайта жаңғырту.

XXX

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен үстіміздегі жылдың 21 тамызында Талғар қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде облыс ардагерлері ұйымдарының арасында «Көркемөнерпаздар фестивалі» және «Салауатты өмір салтын насихаттау» атты іс-шаралар өткізілді.

Іс-шараның алдына қойған мақсаты-ардагерлер мен зейнеткерлердің қоғамдық белсенділіктерін арттыру, оларды мәдени-бұқаралық іс-шарамен қамту, халықтық, ұлттық өнерімізді жаңғырту, ардагерлеріміздің шығармашылыққа деген құлшыныстарын арттыру, кейінгі ұрпаққа үлгі көрсету, өзара байланыстыру, парасаттылық пен өнегелікке уақыт бөлу, сонымен қатар зейнеткерлер арасында дойбы, шахмат спортының дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және облыс зейнеткерлері арасынан шахматшы мен дойбышы үздіктерін анықтау.

2025 жыл.

Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен облыс ардагерлері Алматы қаласындағы генерал Панфилов паркіндегі Ұлы отан соғысы ардагерлерінің ескерткішіне келіп, майданда қаза тапқан боздақтардың әруағына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойып, бір минут үнсіздікпен құрмет көрсетті.

Бұл шараға қатысқандардың арасында аудандық ардагерлер ұйымдарының төрағалары, «Асыл ана» облыстық қоғамдық бірлестіктің аудандардағы филиалдарының төрайымдары, сол сияқты «Алатау жастары» бірлестігінің және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері болды.

XXX

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 10 тамыз «Абай күні» болып белгіленген болатын. Биыл бар әлемге нұрын шашқан Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы республика көлемінде кеңінен тойлануда.

Соның жарқын көрінісіндей 10 тамыз күні Қонаев қаласындағы Абай ескерткіші алдында салтанатты іс-шараға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев бастаған облысымыздың зиялы қауым өкілдері, қалалық ардагерлер мен аналар кеңесінің ұйымдары, этномәдени орталықтардың қоғамдық бірлестіктердің өкілдері мен қала тұрғындары қатысып, гүл шоқтарын қойып, тағзым жасады.

Қазіргі жастардың дүниетанымы, қоршаған ортаға көзқарасы кешегі біз өмір сүрген кездегі жастардың психологиясынан мүлдем өзгеше. Оларға нарық заманындағы қоғамнан өз орнын дұрыс табуына ықпал етіп, ұлттық болмысымыздан, ұлттық тамырымыздан, кодымыздан ажырамау жағына үлкен мән бергеніміз дұрыс.

Жастарға сенім арту, қолдау көрсету-елге жасалған ең үлкен инвестиция десем, қателеспеймін. Әрбір жастың бойындағы отаншылдық сезімді оятып, білім мен тәрбиені қатар дамыту-қоғамның парызы. Өткен жылдың шілде айында Ұйғыр ауданының Қарадала төсінде «Ел келешегі тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастардың қолында» атты шараның бір ерекшелігі қалада емес, Қырғызсай деген жерде табиғаттың дала төсінде өтуі.

Дөңгелек үстелге Алматы облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Мәди Ахметов, облыстық дін істері басқармасының басшысы Ерғали Көшекпе, Алматы облысы «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағасы Нұрсұлтан Орынбасаров, Ұйғыр ауданының әкімі Бота Елеусізова, Алматы облысы бойынша ардагерлер ұйымының төрағалары, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымдары, «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағалары қатысты.

Осы жиында жастардың білім алу, мамандық таңдау, рухани ұстанымдарын қалыптастыру, қоғамдағы өз орнын табу секілді әлеуметтік кезеңдерден өтуі, өмір заңдылығы жайлы ой-пікірлер мен ұсыныстар кеңінен ортаға салынды. Басқосуда соңғы онжылдықта діни фанатизм мен радикализм идеялары кеңінен таралып, зорлық-зомбылық актілері жиілеп, радикалды діни идеологияға негізделген экстремизм үшін сотталғандардың саны айтарлықтай өскендігін облыстық дін істері басқармасының басшысы Ерғали Көшекпе айта келіп, бұл қауіпке қарсы тұру тек құзырлы органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның, әсіресе ата-аналардың, ұстаздар мен діни қызметшілердің бірлескен күш-жігерін талап ететінін алға тартты. Сөз жоқ, бұл басқосу жастардың сана қозғалысына айрықша серпін беріп, заман мен дәуір сабақтастығына, ұрпақтар үндестігіне айналды.

ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР!

2025 жыл елеулі өзгерістерге толы кезең ретінде Алматы облысы жұртшылығының есінде қалғаны анық. Облыс ардагерлері бұл жылды тұрақтылықтың кезеңі ретінде бағалады. Осы жылдың жылынамызға көз тіксек, ең алдымен халқымыздың рухын жаңғыртып, елдік тарихымыздың мәңгілік парағына алтын әріппен жазылған Ұлы Жеңістің 80 жылдығы бірден еске түседі. Осы жылы біздің тарапымыздан өткізілген мәдени іс-шаралар да аз болмады. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы - тек естелік емес, тарихпен тілдесу, бейбіт өмірдің бағасын ұғатын, өткенге тағзым ететін, болашаққа жауапкершілікпен қарайтын күн болғандықтан наурыз айында Жеңістің 80 жылдығына дайындалу және оны мерекелеу жөніндегі «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты кеңейтілген тәралқа отырысын өткізді. Бұл жиынға Алматы облысы мәслихатының хатшысы Қуат Байғоджаев, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ерік Абитов, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Айгүл Ахметова, ардагерлер кеңесінің төралқа мүшелері мен аудан, қала ардагерлері кеңесінің төрағалары, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымдары, «Алатау жастары» жастар ұйымдарының жетекшілері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Осы басқосуда алдағы өтетін іс-шаралар тиянақты пысықталып, бағдарлама жобалары жасалып, арнайы қаулы қабылданды.

9 мамырда Қонаев қаласындағы Ардагерлер саябағына орнатылған «Даңқ» мемориалы жанында облыстың тыл және еңбек ардагерлері де бас қосып, майдан даласында шейіт болып, Отан үшін жанын пида еткен боздақтарды еске алып, тағзым жасады. Көпшілікпен бірге Жеңіс күнін Алматы облысынан 5 майдангер қарсы алды. Оның ішінде Солтанбай Жарықбасов пен Алым Кириков салтанатты жиынға қатысып, облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің қолынан пәтер кілттерін алды.

Ұлы Отан соғысына қатысушылардың есімдерімен байланысты жерлерге аудандық және қалалық ардагерлер ұйымдарының, «Асыл ана» қоғамдық

бірлестігінің, «Алатау жастары» жастар ұйымдарының төрағалары арнайы шақырылып, Алматы қаласындағы 28 гвардияшы-панфиловшылар паркіне саяхат ұйымдастырылды. Ардагерлер «Мәңгілік алау» мен «Даңқ мемориалына» гүл шоқтарын қойды. Сонымен қатар, әскери техникалық мұражай көрмесін тамашалады.

Алматы облысы әкімдігі мен облыстық мәслихаттың 2025 жылы 21 қазандағы қаулысына орай, қала мен аудан ауылдарының көшелеріне соғыс ардагерлерінің есімдері берілді.

Жеңіс күні - аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі. Бұл орайда өзіміз ұйымдастырған мәдени іс-шаралардың ішінде ерекше тоқталарым Іле ауданының Байкент ауылындағы мәдениет үйінде өткен «Отты жылдар жырлары», «Песни огненных лет» атты хор байқауы. Шығармашылық байқауға Жамбыл, Қарасай, Іле, Райымбек, Ұйғыр, Талғар, Еңбекшіқазақ, Кеген, Балқаш аудандары мен Қонаев пен Алатау қалаларының ардагерлер ұйымдарының мүшелері қатысты.

Байқауды өткізудегі мақсат еңбек ардагерлері хор ұжымдарының өнерін насихаттау, өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу, халық шығармашылығын жетілдіру болып табылды. Байқау барысында әр ауданның

хатты көзбен көріп, жүректен сезінуі өткенге деген құрметтің ерекше көрінісі болумен қатар, тарихты оқулықтан емес, тірі куәгерлер мен олардың қалдырған аманаты арқылы ұғынуға мүмкіндік беретін бірегей формат екендігіне көз жеткізді.

Марафон барысында ардагерлермен жүздескен жастар олардың өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, ұлттық сана мен тарихи жадыны жаңғыртатын рухани диалог екендігін ұғынды. Ұлт болашағы өткеннің білетін ардагерлердің аманатына адал болатын жастардың қолында екені тағы бір мәрте еске салды.

Облыс бойынша жастарға әскери-патриоттық және отансүйгіштік тәрбие беру бағытында түрлі ауқымды шаралар ұйымдастырылды. Солардың қатарында «Жастар саясатын насихаттау және деструктивті діни ағымдардың алдын алу», «Оқушылар мен жастар арасында нашақорлықтың, зиянды әдеттердің, қылмыстың алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру», «Елдің болашағы-жастар» жобалары қарастырылды.

Бүгінде жастарға ең қажетті нәрсе-ол ұлттық тәрбие. Тәрбиеге жеткілікті көңіл бөлмеушілік қоғам тарапынан жастар тәрбиесіне салғырт қарау, кейбір шектен шыққан әлеуметтік пен арсыздықтың көрініс беруіне алып келіп отыр. Патриоттық тәрбие беру жұмыстарында жастар арасында идеологи-



үздік әншілері мен хор ұжымдары өз өнерлерін көрсетті. Байқаудың қорытындысында шырқалған әрбір ән ерлік оқиғаларға толы тарихымыздың, бай мәдениетіміздің көрінісін тағы бір мәрте айшықтады. Бейбітшілік пен келісімде өмір сүрудің қаншалықты маңызды екенін, туған жерді бағалап, қорғаудың қаншалықты қымбат екенін тағы бір мәрте барлығымыздың есімізге салды.

Сондай-ақ Жеңістің 80 жылдығына арналған халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің жолы да, жөні де бөлек болды. «Ұлы дала жорығы» бұл жай ғана бәйге емес, ата-бабалар жүріп өткен жолмен қайта сапар шеккен тарихи экспедиция десек те болады. Бұл - көшпелі өркениеттің рухын сезіну, уақыттар арасындағы байланысты нығайту және ұлттық мұраны келер ұрпаққа аманаттау. Батыр бабаларымыздың ізімен, ел мен жердің тарихын сезініп, ұлттық болмысымызды жаңғыртатын қасиетті сапар болды. Жарысқа қатысқан жастар төзімділік пен табандылықты, рух пен жүректің сыңға түсетін кезеңін сезіне білді деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен бастау алған «Ардагер өсиеті» республикалық жастар марафоны облыс орталығы Қонаев қаласына келгендегі елесті мақсаты ел қорғаған ерлердің ерлігін есте қалдырып, жас ұрпаққа үлгі ету, ұлттық құндылықтарға баулу, дәстүрлі өнерге деген құрметті арттыру, ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, жас буынды тарихи жадыны сақтау мен ел бірлігін нығайтуға бағытталды. Марафонның басты символына айналған «Ардагер өсиеті» хатындағы сөздер-бір ғана ұрпаққа емес, тұтас ұлтқа арналды. Өткен ғасырдың қиын-қыстау кезеңдеріндегі халықтың қажыры, төзімі мен жеңіске деген сенімі толықтай осы хатта көрініс тапты.

Тарихи құжаттар-ұлттың рухани қазынасы. Ол бізге тек өткенді еске түсіріп қана қоймай, болашақты бағдарлауға да жол ашады. Өсиет хат - ата-баба аманатының тұжырымдамасы. Оның әр жолында парасат, сабыр, елге деген махаббат пен жауапкершілік жатыр. Онда соғыс жылдарының зобаланы, тылдағы жанқиярлық еңбек, бейбіт өмірдің қадірі мен жастарға айтылар аманаттар қамтылған. Жастардың бұл

жылық, рухани-тәрбиелік жұмыстар ұлттық мүддеге сай тиімді жүргізуді қажет етеді. Осы орайда жастар мен халық арасында Ата Заңның ел дамуындағы орны мен құндылығын насихаттауға бағытталған жұмыстарды өрістетуге бағыттары айқындалды.

ҚАДІРЛІ АҒАЙЫН!

Облыстық Ардагерлер ұйымының жанынан 2024 жылдың бас кезінде құрылған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігін де айта кетсек болады. Бұл бірлестіктің алға қойған басты тұжырымдамасы- «Берік отбасы-берік мемлекет», «Мәдениетті ана-мәдениетті ұрпақ» секілді ұлттық салт-дәстүр құндылықтарын дәріптеу. Біз осы бірлестіктен үлкен үміт күтіп отырмыз.

Қоғамда әйел азаматтардың рөлі ерекше. Солай десек те, гендерлік саясатты дұрыс көрген әйел азаматшалар ер азаматтардың орнын баса бастағандай. «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің алдында «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай», ана мен әкенің қоғамда алатын орнын, рөлін реттеу міндеті тұр.

Қай дәуірде болмасын қоғамның дамуы, ұлттың болашағы ең алдымен аналардың қолында болған. Себебі, ана тек бала тәрбиелеуші ғана емес, ол ұрпаққа ізгілік дәнін себуші, мәдениет пен дәстүрді жалғастырушы, адамгершіліктің алтын дінгегі бола білген. Аналарды қадірлеу, олардың мәртебесін көтеру елдің өркендеуінің, ұрпақтың бақытты болашағының басты шарты болып қала бермек. Міне, осы орайда Алматы облысындағы әйелдер қауымының бүгінгі мен келешегін қалыптастыру төңірегіндегі белсенділіктерін одан әрі көтеріп, жұмыстарын жандандыру бағытында бірлестіктің кеңесін құру қажеттілігі күн тәртібіне өзі сұранып тұрды.

Қыркүйек айында Қарасай ауданының мәдениет үйінде Отбасы күні аясында да белсенділік құндылықтары, мәдени мұраны және ұрпақтар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған конференция ұйымдастырылды. Конференцияның күн тәртібінде «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің кеңесін құру, президиум мүшелерін сайлау мәселесі қаралды. Президиум төрайымына Еңбекшіқазақ ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Қалдықұл Айсина, оның орынбасарлары болып Алатау қаласы мәслихатының төрайымы Роза Абилова мен Жамбыл ауданы

АРДАҚТЫ

Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі салааралық кеңесінің төрайымы, «Меруерт-С» ЖШС директоры Меруерт Молдашева сайланды.

Кеңестің жұмыс жоспарларына сәйкес тұрақты комиссия әйелдер арасында кәсіпкерлікті, қазақтың ұлттық мәдени дәстүрін дамыту, отбасы мәртебесін көтеру және жасөспірімді тәрбиелеудің үздік тәжірибесін тарату, қыз баланы тәрбиелеуде дәстүрлі қазақ ұстанымдарын дамыту бағыттары бойынша іс-шаралар ұйымдастыру белгіледі. Оның бағдарламалық жобасында «Азаматтық қоғамды нығайтудағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлі», «Дәстүр мен ғұрып», «Ақ орамал-асыл ананың аманаты», «Ұлттық колөнер-бабалар мұрасы», «Берекелі отбасы», «Қыз тәрбиесі-ел болашағы», «Ана қолы-мейірім мен махаббаттың символы», «Абысын тату болса ас көп» сынды мазмұнға бай іс-шаралар мен байқаулар ұйымдастыру алдымыздағы жылы да қарастырылған.

Аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестіктері арасында белсенділік танытып жүрген төрайымдарды атап өтсек те болады. Олардың қатарында Қонаев қалалық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мейрамкүл Сейітқазиева, Қарасай аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ұлтұсын Бархинова, Талғар аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Азат Айтұғанова секілді жандар баршылық.

Бүгінгі таңда нашақорлыққа қарсы тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл мемлекет, қоғам, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің, ең бастысы, әр азаматтың ортақ міндеті екендігін көрсетіп отыр. Нашақорлық проблемасы-әлі де болса ең өзекті және әлеуметтік маңызы бар қатерлердің бірі. Ал оның алдын алу-есірткімен күрестің маңызды буыны. Осыған байланысты Алматы облыстық ішкі істер департаменті жанынан Есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі кеңес құрылды. Кеңестің негізгі мақсаты-қоғамдық, мәдени-бұқаралық және өзге де іс-шаралар арқылы нашақорлық пен есірткі қылмысының алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Ел қауіпсіздігіне қатер төндіретін жолға тосқауыл қою жолында мемлекеттік билік орындары, құқық қорғау органдарынан бөлек медицина қызметкерлері, мұғалімдер, ата-аналар бірігіп күресу жолында кеңестің құрылуын біздер, Алматы облыстық ардагерлер кеңесі қуана құптадық.

Халықаралық сипатқа ие болып отырған нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес және оның алдын алу мәселесі біздің облыс көлемінде де басты мәселелердің бірі болып отырғандықтан үгіт-насихат жұмыстары артуы керек. Кеңестің алғашқы басқосуында үкіметтік емес ұйымдармен, жұртшылықпен құқық бұзылушылықтарының профилактикасы саласында өзара қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің төрағалығына облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Бағдат Ашимов, орынбасарлары болып Ардақ Қайсаров және азаматтық қоғам бойынша Алматы облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде мен, «Сағадат батыр» спорт клубының директоры, Алматы облыстық мәслихатының депутаты Нұрсұлтан Орынбасаров, қоян-қолтық ұрыстан қазақ қыздары арасынан шыққан үш дүркін әлем чемпионы, халықаралық дәрежедегі спортшы Сора Рахмонова сайланды.

Бекітілген бағдарлама бойынша жүйелі жұмыстар қолға алынып, атқарушы билік, құқық қорғау органдары, азаматтық қоғамдық ұйымдары бірлесіп жұмыстар атқаруда.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

Ақпараттар ағымы кең құлаш жайған қазіргі уақытта өз жұмысымыздың пәрменділігіне қол жеткізу мақсатында өзімізге тән, өз саясатымызды облыс ардагерлеріне жеткізіп тұратын төл басылымымыздың болу керектігін санамыздың сүзгісінен өткізіп, 2023 жылдың күзінде «Алатау ардагері» газетін ашып, бұқаралық ақпарат құралдарының қатарына қостық. Бұл қадаммыз өз үмітін ақтады деп сеніммен айта аламыз. Осы газетіміздің оқырман олжасына айналғалы биыл үшінші жылға аяқ басты.

«Алатау ардагері» газетінің аты айтып тұрғандай, бұл басылым-ардагерлердің рухани мінбері, өмір тәжірибесі мен елге сіңірген еңбегін дәріптейтін басылым. Және баса айта кеткім келетіні республика көлемінде ардагерлерге арналған басылым біздің облысымызда ғана бар. Газет алғашқы санынан бастап, соғыс пен тыл және еңбек ардагерлерінің өмір жолын, олардың

қоғам өміріне қосқан үлесін насихаттап келеді. Газет тек ардагерлердің ғана емес, облыс жастарының да мінберіне айналып үлгерді.

Бір жыл көлемінде газеттің 52 саны жарыққа шығып, оқырман қолына барады екен. Бұл газеттің халық пен билік арасындағы дәнекерлі саясатты халыққа жеткізуде үлкен ауқымды іс атқаратынын айғақтаса керек.

Газет пен оқырман, яғни газеттің таралуы, оқырман тарту мәселесі – қашан да өзекті мәселе. Баспасөзге жазылу мәселесіне келсек, 2024 жылы 4 мыңнан сәл асса, 2025 жылы 6 мыңнан асты. Былтырғы көрсеткішке қарағанда биыл оқырман саны екі жарым мыңға өсіп, 8500 данаға жетті. Бұл нәтиже жергілікті атқарушы орган мен ардагерлердің өздерінің белсенділігі мен газеттің керек екенін түсінудің, газетті қолдауының арқасында келген дүние деп қабылдап отырмыз. Осы орайда Жамбыл, Іле, Талғар, Қарасай аудандары мен Қонаев қаласының ардагерлер ұйымдарының төрағалары баспасөзге жазылу науқаны барысында ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттерімен танылғанын айта кеткім жөн. Ел басқару ісінде, мемлекеттік дұрыс саясат жүргізу мақсатында газеттің бұқаралық ақпарат құралы ретінде күшті құрал екенін сезінгені болар, облыс әкімінің газетке жанашырлық қолдауын көріп жатқанымыз жасырын емес.

Жалпы, Алматы облыстық Ардагерлер ұйымы тарихындағы үш жылдық мерзім жемісті болды десем, қателесе қоймаспын. Осы кезеңдегі жұмыстардың барлығы зейнеткерлердің қоғамдық жұмыстарға қатысу белсенділігін арттыруға, жастарымызға ата-бабаларымыздың патриоттық, еңбектегі озық тәжірибелерін насихаттауға бағытталды. Қоғамдағы тұрақтылықты нығайту, жастарды тәрбиелеу, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, азаматтық белсенділікті арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Ардагерлердің бастамасымен облыс көлемінде түрлі кездесулер, спорттық жарыстар, мәдени және әлеуметтік қолдау жұмыстары бағытында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге баса көңіл бөлінді.

Тағы бір айта кетер дүниеге тоқталайын. Зейнет жасына шыққан ардагерлеріміз көп жағдайда үйінде төрт қабырғаға қамалып қалатын жағдайлары болады. Осыны бастан өткізген зейнет жасындағы адам өзін қоғамға керек еместей сезінетіні анық. Осының орнын толтыру және қарт кісілердің денсаулығын түзеу мақсатымен облысымызда өңір басшысының қолдауымен облыс көлемінде ұзақ өмір сүру орталықтарын ашу қолға алына бастады. Ең бірінші бұл орталық Алматы облысы әкімінің 2023 жылғы 10 қаңтардағы №6 қаулысына сәйкес Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Есік қаласында ашылған болатын.

Бүгіндері мұндай орталықтар әр ауданда бар. Облыс көлемінде 11 филиал ашылып, табысты жұмыс атқаруда. Штат саны 154 адамды құрайды. Осындай орталықтар зейнеткерлердің баратын сүйікті орындарына айналған. Бұл қадам өзін өзі ақтаған стратегиялық жоба болды десек, артық айтпағанымыз.

Жалпы ардагерлер жұмысына баға берсек, бұл жұмыстар Қарасай, Іле, Кеген мен Жамбыл аудандарында жақсы жолға қойылған. Олардың өкшесін басып келе жатқан аудандар да жоқ емес. Олардың қатарында Ұйғыр ауданы мен Қонаев және Алатау қалалары да бар. Кейбір аудандардағы жұмыстарға баға берсек, әлі де болса белсенділіктерін арттыруды уақыт талап ететінін айта кеткім келеді.

Аудандық ардагерлер ұйымдарына қарасты бастауыш ұйымдарының жұмысын да айта кеткіміз жөн. Жалпы облыс бойынша 201 бастауыш ардагерлер ұйымдары жұмыс істейді. Олардың қатарында көзге түсіп жүрген ардагерлер ұйымдары да жоқ емес. Іле ауданы Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Дәулетбай Жамалбеков, Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Әбілбек Айтқынов, Қарасай ауданы Райымбек ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Қыдырбай Әбдіразақтың жасап жатқан тірліктері-осыған дәлел.

Ардагерлер-қоғамның алтын қазығы. Оларды құрметтеу-өткенге тағзым, бүгінге жауапкершілік, болашаққа аманат. Аға ұрпақтың өнегесін үлгі етіп, олардың батасын алу қазақ қоғамының мәңгілік құндылығы болып қала бермек. Өткен кезеңдерде атқарылған істерден гөрі алдымызда атқаратын міндеттеріміз көп. Соларды жүзеге асырып, абырой биігінен көрінуімізде бәрімізге тәуір ішкі бауындай болатын береке-бірлік пен белсенділік серік болсын. Келешектегі жұмысымызды осы бағытта жүргізе беретін болайық.

Е.ТҰРЫМБЕТОВ,

Алматы облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы

АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР

XXX

Таяуда ғана Ұйғыр ауданының Қарадала төсінде болып өткен «Ел келешегі тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастарды қолында» атты дөңгелек үстел ел болашағы саналған жас ұрпақ мәселесіне арналды.

Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов модератор болған осы басқосуға Ұйғыр ауданының әкімі Бота Серікқызы Елеусізова, облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма мүшелері, облыстық дін істері басқармасының өкілдері, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымдары, облыс көлеміндегі аудандық ардагерлер кеңестерінің төрағалары мен «Алатау жастары» жастар ұйымының мүшелері қатысты.

XXX

Алматы облысы әкімдігінің мәжіліс залында «Ардагерлер ұйымы» облыстық қоғамдық бірлестігі «Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты кездесу өткізді. Жиынға Алматы облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Ерік Абитов, Қонаев қаласы мен аудандардың ардагерлер кеңестерінің, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің және «Алатау жастары» ұйымдарының төрағалары қатысты.



XXX

Қыркүйек айының соңғы күндерінің бірінде Қарасай ауданының Мәдениет үйінде отбасы күні аясында отбасылық құндылықтарды, мәдени мұраны және ұрпақтар арасындағы креативті өзара іс қимылды нығайтуға бағытталған Алматы облысы ардагерлер ұйымының жанынан құрылған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің облыстық конференциясы болып өтті.

XXX

Таяуда Талғар қаласында жастарды отаншылдық пен жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген адал, еңбекқор, саналы етіп тәрбиелеуді, ұлттық мұраны қастерлеуді, ел бірлігін сақтауды және патриоттық тәрбиені үйретуді мақсат еткен «Жастар тәрбиесі-адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты ашық алаңда кездесу болып өтті.

2026 ЖЫЛ.

Үстіміздегі жылдың қаңтар айында Қонаев қаласында Алматы облысы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі салааралық кеңестің отырысы болды. Облыстық іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Л. Ботабекова өткізген бұл шараға «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің аудандық филиалдар жетекшілері қатысып, өздеріне қажетті мағлұмат алды. Жамбыл ауданы «Асыл аналар» кеңесінің мүшесі М. Азибекованың ұйымдастыруымен Ақсегіз ауылындағы орта мектепте «Тәртіпті бала- тыныш қоғам» тақырыбында ата- аналар жиналысы өтті. Райымбек ауданы Текес ауылында «Асыл аналар» кеңесінің ұйымдастыруымен «Ақ орамал-анамның көзі» атты іс шараға қатысқан аналар отбасылық құндылықтар, орамалдың қадір-қасиеті жайлы әңгіме қозғап, өз ойларын ортаға салды.

● ДЕЛЕГАТ МІНБЕРІ

Облыстық ардагерлер ұйымының есеп беру - сайлау конференциясы елімізде тарихи оқиғаларға толы кезеңде өтіп жатыр. Кеше ғана халқымыздың жарқын болашағына нұрын шашқан референдум өтіп, Ата Заңымыз қабылданды. Оның мән-маңызын жете түсінген ардагерлеріміз де шат көңілмен таңнан тұрып, отбасыларымен бірге ұйымшылдықпен дауыс берді. Осылайша олар, Ата Заңымыздың жана жобасын бірауыздан қолдады.

ҚАТАРДАН ҚАЛМАЙ

Халық шаруашылығының әр саласында үлкен жауапкершілікпен еңбек еткен зейнеткерлеріміз әлі да қатардан қалмай қоғамдық жұмыстарға белсене араласып келеді. Өмірден көрген-түйгенін жастарға өнеге етіп ұсынып, оларды еңбек етуге баулып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауда. Аға буын өкілдері спорт, тағы басқа да ұлттық ойындар арқылы жастарды денсаулықтарын шынықтыруына бағыттап, олардың салауатты өмір салтын ұстануына ықпал етуде. Егемендік алған алғашқы жылдарда зейнеткерлер облыс, аудан бас шылармен кездескенде тек өз жағдайларын айтушы еді. Қазір олар елдің жағдайын айтып, денсаулық, білім, ауыл шаруашылығы, тағы басқа салаларда шешімі табылмай жатқан өзекті мәселелерді тілге тиек етіп, билікке өз ойларын жеткізіп жүр. Ел Президентінің халық үніне құлақ асатын мемлекет қағидасын басшылыққа алған билік иелері ардагерлер көтерген мәселелерді ескерусіз қалдырмайды. Бұл да болса заманмен келген оң өзгеріс.

Алматы облысы өз алдына шаңырақ көтергелі аз ғана уақыт болса да республика көлемінде алғашқы бестіктен орын алды. Осы уақыт ішінде көптеген жетістіктерге қол жеткізілді. Жаңа өнеркәсіп орындары ашылып, ауылдарымыз көркейіп жатыр. Бұл-ардагерлер үшін үлкен қуаныш.

Шелек ауылдық бастауыш ардагерлер ұйымы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртып, өңірдің рухани келбетін қалыптастыруға үлес қосуда. Аудан, ауыл әкімдігі мен ардагерлер ұйымдарының бірлескен жұмысы қоғамның рухани дамуына қосылған үлесі деп білемін. Осындай сабақтастықтың арқасында елдің ертеңі жарқын, ұрпағы саналы, тәрбиелі болып қалыптасары сөзсіз.

Әбілбек АЙТАҚЫНОВ,
Шелек ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Ауыл көшбасшысы – Ардагерлер!

Уақыт зымыраған сайын, халқымыздың әл-ауқаты жақсарып, алдағы күнімізге сеніммен қарайтын болдық. Қазіргі жаһандану кезеңінде, әлемдегі озық мемлекеттердің қатарынан көрінуге республикамызда көңіл толтыратын айтатын игі істер көп екенін өмірдің өзі көрсетіп келеді. Еліміздің экономикалық дамудың жаңа кезеңіне бет бұра, мәдениетімізбен медицинамыз халықтың қолдауына ие болып отыр. Сондай ақ халықтың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайлары да жақсара түсуде. Бірінші кезекте ауданымызда тұрғындарды қол жетімді баспанамен қамтамасыз ету қолға алынған.

Еліміздегі тарихи оқиғалардың бірі – Жаңа Конституцияның қабылдануы. Ел Президенті Қамыс – Жомарт Тоқаев Жаңа Конституцияның өмірге келуі халқымыздың түбегейлі жаңа қоғам құрудағы бет бұрыс екенін атап өтті. Осы саяси оқиғаға Кеген ауданының тұрғындары да үлкен қолдау көрсетті. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған халқымыз референдумға ұйымшылдықпен келіп дауыс берді.

Аудандағы ардагерлер мен әже-аналар болашақ ұрпақтың ата-заңының жүзеге асуын толық қамтамасыз етулеріне сенім білдірді. Әрдайым ардагерлер мен замандастарымыз жас ұрпақтарға бағыт-бағдар беруде ұйымшылдық көрсетіп келеді. Соңғы жылдары ауданымызда түрлі мәдени-ұлттық шаралар өтіп, оның басы қасында ардагерлер жүреді. Ауданымызда әр жылы өтетін қазақтың ұлттық сусыны «Қымызұрындық» бүгінде республика деңгейінде өтетін болды. Ал наурыз мерекесін бесіктегі баладан еңкейген қарияларымызға дейін қуанышпен қарсы алады. Қазақтың түрлі ұлттық тағамдарын әзірлейді. Салт-дәстүрлеріміз, ұлттық спорт ойындарынан жарыс өткізу дәстүрге айналған.

Болат ТАУБАЛДИЕВ
Жылысай ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрағасы.
Кеген ауданы.

● АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНДЕ

Балқаш ардагерлерінде белсенділік бар

Ардагерлер мен ақсақалдар кеңесі – қоғамдағы тұрақтылықты, бірлік пен ынтымақты сақтауда, ұрпақ тәрбиесі мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуде маңызды қоғамдық институттардың бірі.

Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымының Жарғысына сәйкес Балқаш ауданында аудандық және ауылдық деңгейде ардагерлер мен ақсақалдар кеңестері жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді.

Балқаш ауданында жалпы 16 ақсақалдар кеңесі жұмыс атқарады, оның ішінде 1 аудандық, 15 ауылдық ақсақалдар кеңесі бар. Ақсақалдар кеңесінің құрамына ауданның құрметті азаматтары, еңбек ардагерлері, елге сыйлы, өмірлік тәжірибесі мол қариялар енген.

2021–2025 жылдар аралығында Балқаш ауданының ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен барлығы 157 түрлі деңгейдегі іс-шара өткізіліп, оған 8600-ден астам аудан тұрғыны қамтылды.

2021–2022 жылдары аудан ақсақалдары мен ардагерлер ұйымы пандемия кезеңінде халыққа әлеуметтік қолдау көрсетуге басымдық берілді.

Пандемия кезеңінде Балқаш ауданының ардагерлер кеңестері тұрғындардың денсаулығын қорғау және әлеуметтік қолдау көрсету бағытында белсенді жұмыс атқарды. Жалғызбасты қарттар, вакцинацияның маңыздылығын түсіндіру бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізіліп, қоғамдағы тұрақтылық пен өзара қолдау қамтамасыз етілді.

2022 жылы «Қасіретті қаңтар» оқиғасы ел тарихындағы ауыр кезеңдердің бірі ретінде Балқаш ауданының кеңесінің назарында болды. Осы жағдайларды ескере

отырып, аудан ардагерлері мен ақсақалдары ел бірлігін сақтау мен қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған танымдық шаралар ұйымдастырды. Сонымен қатар, ардагерлер ұйымдары ақпараттық насихат топтарымен және қоғамдық пікір көшбасшыларымен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Олардың мақсаты – тұрғындарға мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты мен азаматтық жауапкершілікті түсіндіру, қоғамдық пікірді қалыптастыру және бейбітшілік пен келісімді сақтау идеясын насихаттау болды.

2021–2025 жылдар аралығында ауылдық округтерде жыл сайын танымдық, тәрбиелік және әлеуметтік бағыттағы іс-шаралар өткізілді.

«Қарттарым-асыл қазынам», «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» тақырыптарында тұрақты кездесулер ұйымдастырылды. Жастар ұйымдарымен бірлесіп тазалық акциялары, сенбіліктер, қарттардың үй-жайына көмек көрсету жұмыстары жүргізілді. Ауыл ішіндегі дау-дамай, тұрмыстық кикілжіңдер ақсақалдар араласуымен сотқа жеткізілмей шешіліп отырды. Бұл іс-шаралар ардагерлер ұйымының қоғамдағы беделін арттырып, кейінгі жүйелі жұмыстарға негіз қалады.

2023 жылы ақсақалдар кеңестері аудан көлемінде 28 ірі іс-шара өткізіп, оған 1845 адам қамтылды. Негізгі бағыттар ұрпақ тәрбиесі, ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, әлеуметтік аз қамтылған топтарға қолдау көрсету, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау, медиация бағыты қамтылды.

2024 жылы ардагерлер мен ақсақалдар кеңесінің жұмысы одан әрі жандана түсті. 45 іс-шара өткізіліп, оған 2350-ге жуық адам қамтылды. Облыстық және республикалық деңгейдегі байқауларда



аудан ардагерлері жүлделі орындарға ие болды. Ауылдық округтерде экологиялық акциялар, діни-рухани, тағылымдық шаралар, ауыл тыныштығын сақтау, әлеуметтік көмек көрсету бағытындағы жұмыстар тұрақты жүргізілді.

Сонымен қатар, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігін құру жұмыстары басталды. «Ұлттық тәрбие және жаһандану» тақырыбында аудандық кездесу өтті. Сайлау, референдум науқандарында ардагерлер белсенді үгіт-насихат жүргізді.

2025 жылдың есепті кезеңінде Балқаш ауданының ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен шамамен 38 түрлі деңгейдегі іс-шара өткізілді, оған 2000-нан астам аудан тұрғыны қамтылды.

2021–2025 жылдар аралығында Балқаш ауданында ардагерлер мен ақсақалдар кеңестерінің және жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен жүргізілген қайырымдылық шаралары аясында 200-ден астам отбасыға әлеуметтік көмек көрсетілді. Атап айтқанда, аз қамтылған отбасыларға және жалғызбасты қарттарға отын, көмір, шөп, күріш, ет және азық-түлік себеттері беріліп, көмек көрсетіліп, жыл сайын 40–50-ге жуық отбасы қамтылып отырды.

Ауданымызда 1 медиация кабинеті тұрақты жұмыс жасайды. Реестрде 21 медиатор тіркелген, оның ішінде 2 кәсіби және 19 қоғамдық медиатор бар. Медиаторлар даулы

жағдайларды келісіммен шешуге жәрдемдесіп келеді. 2021–2025 жылдары 9 іс-шара өткізіліп, нәтижесінде даулы жағдайлар сотқа жетпей, тараптардың өзара келісімімен шешілді. Атап айтқанда, отбасылық-тұрмыстық мәселелер – 7, азаматтық дау – 1, еңбек дауы – 1 болды.

2023–2025 жылдар аралығында Балқаш ауданы ардагерлер кеңесінің мүшелері облыстық және республикалық деңгейде өткен мәдени-танымдық және спорттық байқауларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтқанда, «Қарттарым-асыл қазынам», «Баталы елге бақ қонар», «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат», «Әжелер сайысы», «Батагөй» сынды байқауларда аудан өкілдері I-орын, «Үздік әнші» номинациясы, ынталандыру сыйлықтары мен Алғыс хаттарға ие болып, аудан абыройын асқақтатты. Сонымен қатар, шахмат, колөнер және көркемөз оқу бағыттары бойынша да ардагерлеріміз жүлделі орындарға қол жеткізді.

Қорытындылай келе, Балқаш ауданының ардагерлер кеңесі ел бірлігін сақтауға, ұрпақ тәрбиесіне, қоғамдық келісімге зор үлес қосып келеді.

2026 жылы Балқаш ауданының ардагерлер кеңесі ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу, әлеуметтік қолдау көрсету және қоғамдық келісімді нығайту бағытындағы жұмыстарды жалғастырады. Атап айтқанда, жастармен бірлескен тәрбиелік және тағылымдық іс-шараларды көбейту, салт-дәстүрді насихаттайтын кездесулер өткізу, медиация бойынша түсіндіру жұмыстарын жандандыру, сондай-ақ әлеуметтік аз қамтылған және жалғызбасты қарттарға қайырымдылық көмектерін көрсету жоспарлануда. Сонымен қатар, ауылдық округтерде қоғамдық тәртіпті сақтау, экологиялық акцияларға қатысу және мемлекеттік бағдарламаларды тұрғындар арасында кеңінен түсіндіру жұмыстары жалғасатын болады.

«Ақсақалдың ақылы – халықтың қазынасы» дей келе, біз осы құндылықты сақтай отырып, алдағы уақытта да ел игілігі үшін еңбек ете береміз.

Бақыт СҚАБАЕВ,
Балқаш аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

● ЖАСТАР ҚАНАТЫ

ОРТАҚ ІС – БАЙМАНЫС КӨПІРІ

Осыдан екі жыл бұрын Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің жанынан «Алатау жастары» қоғамдық ұйым құрылған болатын. Жастар ұйымының жұмысы – қоғамның болашағын қалыптастыруға бағытталған маңызды қызметтердің бірі. Ендеше, қоғамның сабақтастығын сақтайтын, ұлттың рухани тұтастығын нығайтатын маңызды құндылықтың бірі аға буын өкілдері мен жастардың өзара байланысы. Олай дейтініміз аға буын-өмірлік тәжірибенің, даналықтың, ұлттық тәрбиенің қайнар көзі. Ал, жастар-болашақтың иесі, жаңашылдық пен серпіннің символы. Екі буынның өзара түсіністігі мен байланысы қоғамның тұрақты дамуына негіз болады. Осыған байланысты біз облыстық «Алатау жастары» қоғамдық ұйымының төрағасы, Алматы облыстық мәліхатының депутаты Нұрсұлтан Жұмабайұлы Орынбасаровты әңгімеге тартқан едік.



- Нұрсұлтан Жұмабайұлы, Алматы облыстық Ардагерлер кеңесі жанынан құрылған «Алатау жастары» бірлестігінің жұмысы жайлы не айтар едіңіз?

– «Алатау жастары» – бұл жай ғана ұйым емес, бұл екі жыл бұрын іргетасы қаланған үлкен игілікті істің жалғасы. Біздің басты мақсатымыз-қариялардың ақылы мен жастардың жігерін тоғыстыру. Ортақ іс-байланыс көпірі дегендей аға буын өкілдері мен жастардың жүзеге асыратын жұмыстары бір-бірімен астасып жатады. Бүгінде Алматы облысының әр ауданында Ардагерлер кеңесі жұмыс істейді. Сол жердегі ақсақалдарымыз, ел ағалары «Алатау жастарына» тәлімгерлік етіп, жол көрсетіп отырады. Біз үшін алдыңғы буынның тәжірибесі-сарқылмас қазына. Сондықтан да біздің барлық шараларымызда ардагерлеріміз бен жастарымыз бір сапта жүреді.

- Өзіңіз төраға ретінде қандай басымдықтарға назар аударып жүрсіз? Әсіресе, жастар арасындағы өзекті мәселелер қалай шешімін табуда?

– Жастар ұйымы ұлттық құндылықты на-

сихаттап, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие береді. Ата-баба дәстүрін құрметтеу, үлкенге ізет, кішіге қамқор болу сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастырады. Сонымен қатар әскери-патриоттық тәрбие, салауатты өмір салтын насихаттай отырып, есірткіге қарсы күрес және құқықтық сауаттылық. «Заң мен Тәртіп» қағидасын негізге ала отырып, облыстық полиция департаментімен бірлесіп, жастар арасында есірткі мен ғаламтор алаяқтығының алдын алу бағытында ауқымды форумдар өткізудеміз. Еңбекшіқазақ, Қарасай, Талғар және Іле аудандарында кездесулер жоғары деңгейде өтті, енді жоспар бойынша басқа аудандарды да қамтимыз. Бұл істердің басы-қасында ақылшы болып, қолдау білдіріп отырған Алматы облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетовке ерекше алғыс айтамын. Ерболат ағамыздың жастарға деген сенімі мен әкелік қамқорлығы бізді жаңа белестерге жетелейді.

- Сіз кәсіби спортшы ретінде джиу-джитсу мен патриоттық тәрбиені қалай ұштастырып жүрсіз?

– Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтің есімін ұлықтау – біздің қасиетті парызымыз. Ол кісінің атындағы халықаралық турнир биыл 5-ші жыл қатарынан ұйымдастырылуда. Бұл жарыс-тек спорттық бәсеке емес, жастарды батырлыққа, отаншылдыққа баулитын үлкен мектеп. Қазіргі таңда Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, «Sarbaz +» пилоттық жобасын жүзеге асырып жатырмыз. Осы жоба аясында әскери бөлімдерде джиу-джитсу үйірмелерін ашып, сарбаздардың заманауи дайындығын арттыруға үлес қосудамыз. Мұның бәрі – ардагерлеріміз көрсеткен сара жолдың жемісі.

- «Алатау жастарының» алдағы жоспары мен жастарды ынталандыру бағытындағы жаңа бастамаларыңыз туралы айта кетсеңіз.

– Біздің жоспарымыз тек іс-шаралармен шектелмейді, біз жастардың жетістігін насихаттауға баса назар аударамыз. Осы орайда, облыстық «Алатау ардагері» газетінің алар орны ерекше. Қазіргі таңда аталған басылымның бір беті арнайы облыс жастарына, солардың тыныс-тіршілігі мен жетістіктеріне

арналып отыр. Алдағы уақытта біз осы газет бетінде өңіріміздің дамуына үлес қосып жүрген, спортта, ғылымда, еңбекте биік белестерді бағындырған талантты жастарымызды тұрақты түрде насихаттайтын боламыз.

Бұндай ақпараттық қолдау әрбір жас үшін өте қажет әрі үлкен мотивация деп білемін. Өз есімін газет бетінен көріп, үлкен буынның ілтипатына бөленген жастың қанаты қатайып, елге қызмет етуге деген құлшынысы арта түсері анық. Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Сапарұлының тікелей қолдауымен қолға алынған бұл бастама – жастарды бағалаудың, олардың еңбегін ескерудің үздік үлгісі.

Біздің мақсатымыз – «Заң мен Тәртіп» қағидатын ұстанған, есірткі мен жат әдеттерден аулақ, рухы биік «Алатау жастарын» қалыптастыру. Ардагерлеріміз бен әже-қарияларымыздың ақ батасы мен жол көрсетуі барда, біз бұл биіктен көрінетінімізге сенімдіміз. Бірлігіміз бекем, сабақтастығымыз мәңгі болсын!

Қорыта айтқанда аға буын мен жастар арасындағы байланыс үзілмесе, ұлттың рухани тамыры да берік болады. Өткен мен бүгінді жалғаған осы алтын көпір болашақтың баянды болуына негіз қалайды.

- Әңгімеңізге рахмет!

**Сұхбатты жүргізген
Роза АЙДАРБЕКОВА**

● АНА МӘРТЕБЕСІ

Алматы облысында 2024 жылғы облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің аудандардағы филиалы құрылып, қыркүйек айында облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымының орынбасары, бірлестік мүшелері толық сайланды.

**БІРЛЕСТІК -
ӘЛЕУМЕТТІК
ҚОЛДАУ ТЕТІГІ**



Қоғамдық бірлестіктің басты мақсаты көпбалалы, жалғызбасты және мүмкіндігі шектеулі аналарды қолдау, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, қоғамда аналардың мәртебесін арттыру десек, аз ғана уақыт аралығы ішінде бірқатар шаруа жасалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Әйелдердің қоғамдағы белсенділігі мен олардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуы – мемлекеттің тиімділігін арттыратын маңызды фактор», - деп атап өткеніндей бірлестік мүшелері облыс әйелдерінің өмірдің барлық саласында табысты болуына, олардың қоғамдық және саяси процестерге белсене қатысуына барлық жағдайды жасауға күш салуда. Сол арқылы аналардың мәртебесін барынша көтеру бағытында біраз іс-шара жүзеге асырылды.

Атап айтқанда, үстіміздегі жылдың қаңтар айында Қонаев қаласында Алматы облысы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі салааралық кеңестің отырысы болды. Облыстық іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Л. Ботабаева өткізген бұл шараға «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің аудандық филиалдар жетекшілері қатысып, өздеріне қажетті мағлұмат алды. Жамбыл ауданы «Асыл аналар» кеңесінің мүшесі М. Азиевкованың ұйымдастыруымен Ақсегіргі ауылындағы орта мектепте «Тәртіпті бала- тыныш қоғам» тақырыбында ата- аналар жиналысы өтті. Райымбек ауданы Текес ауылында «Асыл аналар» кеңесінің ұйымдастыруымен «Ақ орман-анамның көзі» атты іс-шараға қатысқан аналар отбасылық құндылықтар, орамалдың қадір-қасиеті жайлы әңгіме қозғап, өз ойларын



ортаға салды. Ақпан айында Қонаев қаласында «AMANAT» партиясы Алматы облыстық әйелдер қанатының қолдауымен «Домалақ ана» саяси көшбасшылық мектебі ашылды. Жобаның мақсаты өңірдегі қыз- келіншектердің бастамаларын жан жақты қолдау, олардың көшбасшылық әлеуетін арттыру және қоғамдық- саяси үдеріске белсенді қатысуына жағдай жасау. Алатау қаласы Жанаталап ықшам ауданындағы № 10 орта мектепте «Әжелер мектебі тәліммен өрілген дәстүр» тақырыбында тағлымды кездесу ұйымдастырылды. Жақында ғана Ақсегіргі ауылдық округінде «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі ауылдық филиалының ұйымдастыруымен «Наурызанама» онкүндігі аясында «Шаңырақ» күні аталып өтті. Ауыл тұрғындарына мерекелік шара ұйымдастырылып, наурыз көже таратылды. Сол сияқты Есік қаласындағы «Алтын адам» инновациялық мектебінде «Аластау» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, әжелер оқушыларға аластаудың не екенін, оның мән-мағанасын кеңінен түсіндірді. Жастар да өз кезегінде тақырыпқа байланысты сұрақтар қойып, белсенділік танытты.

Қазіргі уақытты әйел тек отбасының берекесі-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өміріне және саяси мәселелерге белсене қатысушы қоғам мүшесі. Мұны жақсы білетін «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің мүшелері облыстық қоғамдық өміріне белсене араласуда.

Қалдықүл АИСИНА,
облыстық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

● ҚАРТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ДЕНІ САУДЫҢ КӨҢІМ ЖАЙ

Белсенді ұзақ өмір сүру-қарттарды әлеуметтік қолдауға арналған жоба. Оның басты бағыты-салауатты өмір сүру ұзақтығын арттыру және қамқорлық пен күтімге мұқтаж барлық адамдар үшін медициналық және әлеуметтік қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Сонымен бірге аға буын азаматтарының негізгі қабілеттеріне, қажеттіліктері мен қалауына сәйкес әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани қызметке толыққанды қатысуына жәрдемдесу болып табылады. Осы орайда біз Алматы облыстық «Белсенді ұзақ өмір» орталығының директоры Жәния САҚТАШЕВАМЕН әңгімелескен едік.

- Жәния Көпжүрсінқызы, Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 10 қаңтардағы №6 қаулысына сәйкес «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ-нің қолдауымен Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласында «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, сол жылдың ақпан айынан бастап жұмысын бастаған болатын. Орталықтың қызметі мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен 2029 жылға дейінгі Ұлттық жобаның негізгі бағытымен үндес болып отыр. Әңгіме жібін осыдан тарқатсақ.

- Облысымызда ең алғашқы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» Есік қаласында 2023 жылдан құрылып, содан бері аудан ардагерлерінің тұрақты бас қосатын сүйікті орнына айналды. Біздің орталыққа Еңбекшіқазақ ауданының кез келген зейнеткері еркін келе алады. Олар үшін тредмил (жүгіру жолдары), гимнастикалық доптар, жаттығу құралдары, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, тігін машиналары, тоқыма комплектілері, массаж креслолары, караоке және кино бөлмесі, демалыс пен сауықтыруға қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Барлық қызметтер тегін көрсетіледі. Бүгінгі таңда орталықта 570 ардагер қызмет алады. Олардың 164-і ер азамат болса, 406 әйел азаматшалар. Күніне орта есеппен 90 адамға 120-ден астам қызмет көрсетіледі. 6 мүмкіндігі шектеулі азамат орталық қызметін пайдаланса, денсаулық жағдайына байланысты есепте 223 адам тұрады.

2024 жылғы 31 мамырда №79 бұйрық негізінде мекеме жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, «Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз функцияларын Алматы облысының барлық аудандары мен ауылдық округтерінде ашылып қызмет түрін көрсету жоспарланған. Осыған орай 2024 жылы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылдық округінде, Қонаев қаласында және Жамбыл ауданы Мыңбаев ауылдық округінде орталықтың филиалдары ашылған болатын. Жоғарыда көрсетілген негізгі орталықтың және орталық филиалдарының жоғарғы нәтижелі жұмыс түріне байланысты өңірдің барлық аудан-қалаларында орталықтың филиалдарын ашу қажеттілігі туындап, 2025 жылы қаңтар айынан бастап Алматы облысының барлық аудандарында орталықтың филиалдары ашылды. Қазіргі кезде орталықтың 11 филиалы толыққанды жұмыс істеп жатыр.

- Орталықтың атқаратын қызметінің мақсатына не жатады?

- Облыстық «Белсенді ұзақ өмір» орталығының басты мақсатына зейнеткерлік жастағы азаматтарды физикалық және психологиялық денсаулық көрсеткіштерін жақсарту үшін мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік белсенді өмірге тарту, олардың әлеуметтенуіне жағдай жасау болып табылады. Орталық егде жастағы азаматтарға 5 бағытта атап айтқанда, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-қызметтік, әлеуметтік-педагогикалық қызметтер көрсетеді. Сонымен қатар, егде жастағы азаматтардың денсаулығын нығайту, өмір сапасын арттыру мақсатында көмек көрсетіп, сауықтыру, білім беру және бос уақытты тиімді өткізу қызметтерін ұсынады.

Сонымен бірге йога, ЛФК, цигун, аквааэробика, скандинавиялық жүріс, аяққа массаж, хор, вокал, би, сурет салу, актерлік шеберлік, ағылшын тілі, қазақ тілі, IT сауаттылық, психолог, геронтопсихолог, заңгер кеңесі, еңбек

терапиясы, гартенотерапия, агрокраудсорсинг, шахмат, тоғызқұмалақ, караоке, фильм көру, кітап оқу, фуд-хаб, жүгіру жолы (тредмил), теннис, жадты нығайту әдістері сияқты 26 түрлі қызмет көрсетіледі. Егде жастағы азаматтардың сұраныстарын анықтау мақсатында «қажеттілік картасы» жасалды. Аға буын өкілдеріне арналған туристік маршруттар бекітіліп, бірқатар мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен меморандумдар жасалды. Жалпы, 2025 жылдан бері 34742 қызмет ұсынылды.

- Жылдық жоспарларыңызды жасағанда қандай бағыттарды негізге аласыздар?

- Мерекелік іс-шаралар басым бағытымыздың бірі десем, егде жастағы азаматтардың 65-100 жасқа арналған мерейтойларын ұйымдастыру, «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы, Ашық есік күндері, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелермен ынтымақтастық, театр, көрме, табиғат және музей бағыттары бойынша саяхаттар, аудандық, облыстық конкурстар, облыстық, халықаралық, республикалық конференциялар өткізу- жоспарымыздың бөліп-жаруға келмейтін еншісіндегі дүниелер. Олардың барлығы бекітілген жұмыс жоспарымызға қарай рет-ретімен кестеге сай өткізіледі.

- Ғылыми-әдістемелік жұмыстар да назарларыңыздан қалған емес. Күткен нәтиже көңілдеріңізден шықты ма?

- Егер есіңізде болса, бұл бағыттағы жұмысымызды 2023 жылғы 24 қазанда «Егде жас демографиясының өсіміне әлеуметтік-психологиялық әсер ету жолдары» атты облыстық дөңгелек үстел ұйымдастырудан бастаған болатынбыз. 2024 жылы геронтопсихолог К.Елшібаевамен бірлесіп, «Геронтопсихология бойынша практикалық жұмыстар» атты әдістемелік кітапты жарыққа шығардық. 2025 жылы Жапония мен Санкт-Петербург қалаларына барып, іс-тәжірибе алмасып қайттық. Сол жылдың 25 қыркүйегінде Алматы облыстық конференция өткізіліп, бес жылдық тезистік жоспар бекітіліп, резолюция қабылданды.

- 2025 жылы Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай ұйымдастырылған «Белсенді ұзақ өмір сүру тәжірибесі мен даму перспективалары» атты ерекше форумға - TEDx үлгісінде өткен форум жайлы.

- TEDx форумына арнайы шақырылған ҚР ұлттық құндылықтар Академиясы төрағасының орынбасары, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры Сарап Қоңырбаева «Ұлттық құндылықтар тұғырындағы ұрпақтар сабақтастығы», педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Мұхамедрахим Құрсабаев «Белсенді ұзақ өмір сүру жағдайында цифрлық маркетинг платформаларын локациялау мүмкіндіктері», ҚР Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты, геронтопсихолог, RhD профессор Күлмәш Елшібаева «Орта және егде жастағы адамдардың эмоционалдық күйі мен күйзеліске төзімділігінің динамикасы», С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің профессоры, герантрия ғылыми орталығының гернаторы, инновациялық және профилактикалық медицина институтының маманы Айнуяр Ешманова «Салауатты қартаюдағы геронтологиялық технологиялар», медицина ғылымдарының кандидаты, RhD медицина магистрі, Еңбекшіқазақ аудандық орталық ауруханасы директорының орынбасары Гүлмира Отынбекова «Деменция, алысгеймер



сырқаттарына байланысты профилактикалық жұмыстар» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашылар бүгінгі таңдағы өзекті тақырыптарды қозғап, зейнеткерлер үшін цифрлық маркетинг платформаларын локациялау мүмкіндіктері, егде жастағы адамдардың белсенділігін арттыру, денсаулығын жақсарту, өмірін ұзарту, созылмалы және жұқпалы ауруларға қарсы иммунитетін көтеру, қазір жиі кездесетін деменция, алысгеймер сияқты сырқаттарға қарсы профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру сияқты мәселелерді тереңінен талқылады. Осыдан кейін белсенді ұзақ өмір сүруге қатысы бар мекемелер арасында меморандумдарға қол қою рәсімі болды.

Бұл форумға ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өкілдері, әлеуметтік сала басшылары мен мамандары, Алматы облысының құрметті азаматтары, халықаралық ұйымдар мен шетелдік және отандық сарапшылар, ғалымдар, дәрігерлер, геронтопсихологтар, сала мамандары, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Осы форумда «Ұлттық құндылықтар академиясы», «Агрокрауд-сорсинг», «Көлсай көлдері», «Жастар ресурстық орталығы», «Есік тарихи-мұражай қорығы», «Геронтология ғылыми орталығы», Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Алматы облыстық Аналар кеңесі, «Медеу» МТП, Еңбекшіқазақ көп бейінді орталық аудандық ауруханасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Алматы облыстық Ақсақалдар кеңесі, Тұманбай Молдағалиев атындағы мәдениет үйімен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды:

- Филиалдар материалдық-техникалық базамен толық қамтамасыз етіліп отыр ма?

- Әр ауданға 15 штат бекітіліп, 13 қызмет түрі көрсетіліп келеді. Техникалық қамтамасыздық, алғашқы медициналық көмек көрсету, психология және жадты нығайту техникасына арналған ақпараттық стендтер орнатылды. Сонымен қатар диспенсер, ноутбук, принтер, термопот, еңбек терапиясы мен өзге де белсенді іс-шараларды өткізуге қажетті құрал-жабдықтар берілген. Фуд-Хаб желісінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында конфет, печенье, шай секілді қажетті өнімдер тұрақты түрде жеткізіліп отырады.

- Әңгімеңізге рахмет! «Дені саудың көңілі жай» демекші, аға буын өкілдеріне барлық мүмкіншіліктерін жасап, бос уақыттарын тиімді өткізуіне, сол арқылы денсаулықтарын жақсартуға бағыттап жұмыс істеп жатқан сіздерге жемісті еңбек, толағай табыс тілеймін.

Сұхбаттасқан
Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

● РУХАНИ ОРТАЛЫҚ

ЗАМАН АҒЫМЫНА САЙ



Ұйғыр аудандық ардагерлер кеңесі осы өңірдегі рухани-мәдени тағылымдық мәні бар іс-шараларға, түрлі әлеуметтік жобаларға үнемі белсене қатысып отырады. Сол арқылы қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға атсалысуда.

Атап айтқанда, аға ұрпақ өкілдері наурыз айының соңғы күндері Шонжы ауылында Аль-Фараби атындағы аудандық кітапхананың модернизациядан кейінгі салтанатты ашылуына қатысып, бата беріп, әжелер шашу шашып, ізгі ниеттерін білдірді. Шараға сонымен қатар облыстық кітапхана мен жастар ұйымының, аудан әкімшілігінің қызметкерлері, оқырмандар шақырылды. Шараға қатысушыларды аудан әкімі Б.Елеусізова құттықтап, кітапхана қызметкерлерінің жұмысына сәттілік тіледі. Бұдан соң облыстық кітапхана басшысы Ғ.Тоқабаева

мен М.Ахмадиев, М.Құдайбергенов сынды азаматтар сөз сөйлеп, рухани орталықтың ұлтымыздың бай мұрасын, тарихын насихаттауда атқарып отырған жұмыстарын атап өтті. Мәдениет үйінің өнерпаздары жиналғандарға әсем ән мен күмбірлеген күйден шашу шашты. Жиналғандар модернизациядан өткен жаңа кітапханамен танысты. Ендігі жерде кітапхана қызметкерлері заман ағымына сай жұмыс істейтін болады.

Ербол НҮРСЕЙІТОВ,
Ұйғыр аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

УАҚЫТ ПЕН ҮНДЕСУ - ҰТҚЫРЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Қарасай аудандық ардагерлер ұйымы өрге тартқан өркениетті еліміздің қарышты қадамына қуана құптарлық ізгілікті ілтипаттарын білдіріп келе жатыр. Олар Отанға ыстық ықыласқа толы сүйіспеншілікпен қарайды. Сондықтан да заманауи ағымнан қалыспай отыруды, соған өздерінің лайықты үлестерін қосуды азаматтық парыздары санайды. Олар өздерінің әрбір басқосуларында мәні бар маңызды мәселелерді күн тәртібіне қойып, солардың оңтайлы шешімдерін табуына бар күштерін салады.

Ардагерлер ұйымы осы аптаның басында өткен алқалы жиынында біраз уақыттан бері ойландырылған көкейкесті жайларға қозғау салып, жиянақты тұжырым жасады. Бұған қалалық және ауылдық ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі ұйымдарының төрайымдары толық қатынасты. Сол сияқты қаралған мәселелерге қатысты округ әкімдері мен басқа да тиісті тұлғалар болды.

Ұйым төрағасы Сағат Мәсімақынов көптің алдына көлденең тартылып отырған мәселелердің бүгінгі күні қоғамымызда аса ұқыптылықпен қолға алынып жатқанын тиісті дәйектер мен деректерге сүйене отырып, жан-жақты таразы талқысынан өткізіп берді. Және аталған бағыттарда аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымын нақтылықпен баяндап беруді және сол салада орын алып отырған олқылықтарды да жасырмай, ақиқат шеңберінде айтуды талап етті. Оның бұл ескертуі де өте орынды еді.

Сонымен бірінші кезекте сөз алған «Жібек жолы» ауылдық округі әкімінің орынбасары Дәулетжан Деменбаевтың «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына ардагерлердің қатысуы, атсалысуы» жөніндегі арнайы есебі тыңдалды. Аталған аумақтағы ауылдардың жағдайын жақсы білетін Дәулетжан Деменбаев әңгімеге өзек болып отырған жайларды белгіленген тәртіп бойынша рет-ретімен байыппен баяндап шықты. Ол «Таза Қазақстан» бағдарламасы мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған экологиялық мәдениетті қалыптастыру шарасы екеніне баса назар аударды. Ондағы мақсат тек тазалық қана емес, туған жерге деген

сүйіспеншілік пен жауапкершілікті әрі салт-сананы ояту екенін ерекше еске салды. Оның бұл түсініктемесі көпшілікті бір серпіліп тастады.

Ұрпақтар сабақтастығы негізінде ардагерлердің акцияға қатысуы – жастар үшін таптырмас үлкен тәрбие болып саналады. Осы орайда округ аумағында ардагерлер акцияға ұйымшылдықпен белсене қатысып, жастарға ақ батасын беріп, жыл сайын акция көшелердің көрікті жерлеріне көшет отырғызудан бастау алып келе жатқанын баяндамашы бүге-шігесіне дейін жеріне жеткізіп айтты. Мәселен, көшет отырғызу – болашаққа инвестиция, ардагерлердің қолмен егілген әрбір ағаштың ауыл экологиясына, ауа тазалығына тигізер пайдасы орасан зор. Осы орайда өткен жылы Тұрар ауылында 32 қария, 16 әжелердің қатысуымен «Құлболды баба» этномәдени саябағына 30 түп шырша, 90 түп терек ағаштары отырғызылды. «Жібек жолы» ауылында Ақжызық көшесіне 18 ақсақал, 9 әженің атсалысуымен 130 түп акция көшеттері отырғызылды, - деп Дәулетжан Деменбаев бұдан басқа да халық игілігі үшін жасалған біраз жұмыстардың жүйелі болғанын жасырмай жайып салды. Әр ауылдағы мұндай жұмыстарды тысқары қалдырған жоқ.

Баяндамашы ҚР Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлығымен бекітілген «ҚР ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары негізінде «Таза Қазақстан» қағидаты барша азаматқа ортақ жасампаз ой-сана жүйесін қалыптастыруда тазалық пен тәртіпті сақтау, тарихи-мәдени мұраны қорғау, табиғатты аялауда ауыл келбетін, кіреберісін, эко-мә-



дениетті таза ұстау, суды үнемдеу, табиғатты қорғау бойынша насихат жұмыстарына белсене араласып, қоғамдық белсенділік танытуда атсалысатын аталарымыз, әжелеріміз баршылық-ақ екен. Атап айтар болсақ, Тұяқбаев Мұратқан, Қаратақов Жұмабек, Мұхтаров Сағат, Қалмұратов Тасыбай, Топашев Әшірақын, Иманғазиев Парахат, Шуашева Тұрсынбала, Бошабаев Нұржан апаларымыз жастарымыз нағыз үлгі алатын жайсаң жандар, - деп жақсы істің басы-қасында жүрген басқа да аталар мен апаларды атап өтті.

Бұдан кейін сөз алған Шамалған ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Қанат Қатубаев «Бабалар аманатына» байланысты ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеу жайында істелініп жатқан жұмыстардың жай-жапсарын баяндап өтті. Оның айтқысына қарағанда, бұл іс-жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңіруге бағытталған маңызды бастама. Бұл аманат-өткен мен бүгінді байланыстыратын алтын көпір. Салт-дәстүріміз тамыры терең кеткен тарих аманаты. Сол тарихты арқалаушы біз – ақ жаулықты асыл әжелер мен ақсақалды аталар. «Бабалар аманаты» деген ұғымның аясында Шамалған ауылдық ардагерлер ұйымы өз жұмыстарын осы бағытта берік сеніммен жалғастырып келеді, - деген Қанат Қатубаев жұдырықтай жұмыла қолға алған жұмыстарын шетінен баяндап шықты. Оның бәрін айтып шығу мүмкін емес. Бір сөзбен

айтқанда, ұлттық салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз, салт-санамыз олар үшін берік бекіп қалған заңмен тең екендігі айтылды.

Сондай-ақ, осынау басқосу жиынында Бекболат ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Бақытжан Әлменбетов ардагерлердің ауыл жастарын спорттық тәрбие жұмыстарына баулуға беталыстары туралы, Елтай ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Есенгелді Сәлибековтің ауыл ардагерлерінің өнерлерімен өрге жүзіп келе жатқандығы жөніндегі әңгімесі, Іргелі ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Егінбек Егеубековтің ардагерлердің ауыл мектептерімен қарым-қатынасы, жас ұрпаққа беріп жатқан тәрбиесі жөніндегі жұмыстары жайлы айтқан ой-тұжырымдары көңілге қонымдылығымен көпшілікті селт еткізбей қоймады. Мұндағы әңгімелердің қай-қайсысы болса да жастар тәрбиесіне қатысты екені айқындалып тұрды. Сонысымен де маңызды болды.

Осынау басқосу жиынында «Бұрмаланған діни көзқарастың алдын алу, діни экстремизммен күрес бағытында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу» деген тақырыптағы көкейкесті мәселеге ешкім де енжар қарай алмады. Расында да бұл тақырып кімді болмасын толғандырмай қоймайды. Өйткені, кез-келген адам тағдыры бұл тақырыптан алыстап кете алмайды. Жоғарыда аталған тақырып бойынша баяндама жа-

саған Түркістан мешіті имамының орынбасары Марат Әмірұлы кеңінен түсініктеме беріп, бұл бағыттағы ірікті салушылар бар екенін сарапқа салып, ол жағын өте мейірімді жана-шырлықпен көптің көкейіне жеткізді. Оның айтқысына тереңдеп үңілер болсақ, діндегі дұрыс жолды мойындамай, бұрыс жолға тартушылар бар екендігі анықталып отыр. Оларға тосқауыл қою да оңай болмай отырғаны нақтылы деректер бойынша жан-жақты таныстырылды.

Бұл жерде аудан жастар ұйымының төрағасы Нұрлан Омаров та ортақ әңгімелер төңерегінен шеттеп қала алмады. Ол ауылдық ардагерлер ұйымдары төрағаларының айтқан әңгімелері өте орынды екенін, ардагерлердің қайда болса да, әсіресе жастар алдында басты тұлға екендігін ерекшелік сөз етті. Сол сияқты жастар алдындағы қазіргі басты проблема жұмыссыздық екенін де айтпай қоймады. Бұл мәселенің алдағы уақытта шешімін табатынын да тіліне тиек етті.

Жиын соңында сөз алған аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі ұйымының төрайымы Ұлтай Бархинова аталған ұйымның өткен жылы атқарған жұмыстарына тоқталып, ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар істегенін жанды мысалдар арқылы жеткізді. Сонымен қатар биылғы жылы істелінетін жұмыстарын баяндап шықты. Оның жоспары барысынан елеулі жаңалықтар бар екенін де аңғардық. Оның бұл жоспары көпшілік тарапынан ешқандай қарсылықсыз бекітілді.

Маңызды мәселелер қаралған бұл жиынды ұйым төрағасы Сағат Мәсімақынов қорытындылады. Ол әр мәселеге әділдік тұрғысынан қарап, өз ойларын ортаға салды. Күн тәртібіндегі мәселелердің барлығы да көпшілік тарапынан бір ауыздан мақұлданды. Уақыт талабына сай үн қосқан бұл жиынның пәрменділігі аса жоғары болды.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.
Қарасай ауданы.

АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМДАРЫНДА

2026 жылдың басынан бері Райымбек аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бірбаев Бекболат Ыбырайымұлы басшылығымен мүшелері аудан көлемінде қоғамдық-саяси, әлеуметтік және рухани бағыттар бойынша бірқатар маңызды жұмыстар атқарды.

Атқарылған істер бар

2026 жылғы 4 ақпанда Райымбек аудандық ардагерлер ұйымының кезекті ІХ конференциясы өткізілді. Аталған конференцияға аудан әкімі аппаратының басшысы Г. Кенебаева, мемлекеттік мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері, Аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы А. Қаптағасов, бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары, қоғамдық ұйым өкілдері мен ардагерлер кеңесінің алқа мүшелері қатысты.

Конференция барысында ардагерлер ұйымының есеп беру-сайлау кезеңіндегі атқарылған жұмыстары тыңдалып, тексеру комиссиясының есебі қаралды. Сонымен қатар, ұйымның жаңа құрамдары (Пленум, Президиум), төраға мен оның орынбасары, тексеру комиссиясы мүшелері сайланды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, ұсынылған кандидаттар делегаттардың бірауыздан қолдауымен мақұлданды. Нәтижесінде Бірбаев Бекболат Ыбырайымұлы Райымбек аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы болып қайта сайланды.

Жарыссөз барысында сөз сөйлеген қатысушылар ардагерлер ұйымының жұмысына оң баға беріп, оның аудан өміріндегі белсенді рөлін атап өтті.

Ардагерлер кеңесінің бастамасымен аудан аумағындағы мешіттерге әлеуметтік қолдау көрсетілді. Атап айтқанда, аудан мешіттері 300 тонна көмір-



мен қамтамасыз етілді. Бұл игі іс қоғам тарапынан жоғары бағаланып, алғысқа ие болды.

2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдумға Райымбек аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ ауданға қарасты 11 ауылдық округтегі ардагерлер кеңестері белсенді қатысты.

Аудан ардагерлері таңғы сағат 07:00-ден бастап сайлау учаскелеріне барып, өздерінің азаматтық борыштарын орындады. Бұл – ардагерлердің елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласатынын айқын көрсетті.

Референдум күні Бірбаев Бекболат Ыбырайымұлы облыстық «QonaevMedia» телеарнасына сұхбат беріп, аталған саяси нақанның маңыздылығы туралы өз пікірін білдірді.

Жалпы, аудан ардагерлері ре-

ферендумға жоғары деңгейде қатысып, ел болашағына бейжай қарамайтындықтарын тағы бір мәрте дәлелдеді.

2026 жылғы наурыз айында аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы аудан тұрғындарымен кең форматта кездесу өткізді. Кездесу барысында Конституциялық реформаның дайындалу кезеңдері мен мазмұны жан-жақты түсіндірілді.

Өз сөзінде Бірбаев Бекболат Ыбырайымұлы Конституциялық реформаның ашық әрі жан-жақты дайындалғанын атап өтті. Оның айтуынша, 130 сарапшыдан құралған комиссия 10 мыңнан астам ұсынысты қарастырып, әрбір бапты мұқият сараптаған.

Сонымен қатар, референдумның маңыздылығы мен әр азаматтың оған қатысуы азаматтық жауапкершілік екені ерекше атап өтілді.

Жалпы, Бірбаев Бекболат Ыбырайымұлының жетекшілігімен Райымбек аудандық Ардагерлер кеңесі ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысып, ардагерлердің белсенді арттыру, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ жастарға үлгі боларлық жұмыстар атқаруда.

Алдағы уақытта да ардагерлер ұйымы қоғамдағы тұрақтылықты нығайту, патриоттық тәрбие беру және құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарын жалғастырады.

Өз тілімізден.

РУХАНИ МҰРА

Жыл жақсылығымен басталды

Жыл басынан бері Жамбыл аудандық ардагерлер ұйымының мүшелері аймақ көлемінде өткізілген барлық іс-шараларға белсене қатысып келеді.

Мәселен, ақпан айының алғашқы онкүндігінде Ұзынағаш ауылында аудандық ардагерлер ұйымының есеп беру және сайлау конференциясы өтті. Маңызды жиынға Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ерғас, Алматы облысы ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Бағдат Әлиев, ақсақалдар ұйымының мүшелері, сондай-ақ ауылдық округ әкімдері қатысты. Конференция барысында аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Батырхан Мендебоев баяндама жасап, ұйымның қоғамдағы маңыздылығына тоқталып, 2025 жылы атқарылған жұмыстардың қорытындысын баяндады.

Жиында Алматы облысының және Жамбыл ауданының құрметті азаматы, кәсіподақ ұйымының төрағасы Әскербек Абаев сөз сөйлеп, Жамбыл ауданының ардагерлер ұйымының тарихына тоқталып, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Аудан әкімі Нұрлан Ерғасұлы сөз алып, ардагерлердің қоғамдағы рөлі, ел бірлігі мен ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы туралы кеңінен сөз сөйледі. Жиын қорытындысында ұйымның пленум құрамы, президиум мүшелері және ардагерлер ұйымының төрағасы мен орынбасары қайта сайланды және алдағы кезеңге арналған міндеттер айқындалып, бағыттары белгіленді.

Ақпан айының 15 күні Ауған соғысының аяқталуының 37 жыл-

дығы Ұзынағаштағы орталық алаңда дәстүрлі түрде атап өтілді. Тағзым ету шарасына аудан әкімінің орынбасары Әділбек Қамбарұлы, Ауғанстан соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің «БАЧА» қоғамдық бірлестігі төрағасы Сәлім Ибраимов, Ауған соғысының ардагерлері мен олардың туыстары қатысты. Ескерткішке гүл шоқтары қойылып, интернационалистік борыштарын өтеуде қаза тапқан жауынгерлердің ерлігі құрметпен еске алынды. Шарадан кейін «Бәйтелі» мейрамханасында өмірден өткен Ауған соғысы ардагерлерін еске алуға арналған ас берілді.

Наурызнаманың «Жанару» күніне орай Жамбыл ауданының Талап, Беріктас және Ақсенгір ауылдарында мерекелік мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, салт-дәстүрлерді жаңғыртуға және халық бірлігін нығайтуға барынша көңіл бөлінді. Іс-шараға қатысқан танымал қаламгер, қоғам қайраткері Нағашыбек Қапалбекұлы, Алматы облыстық әмбебап кітапхана директоры Ғалия Тоқабаева, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Жұмаш Арғынбаев, фото-журналист Нұрмамбет Қизатұлы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Манарбек Ізбасаров, баспагер Баян Болатханова қатысып, өздерінің ізгі тілектерін білдірді. Бағдарлама аясында концерттік қойылымдар, ұлттық салт-дәстүрлер көрінісі, әсем ән мен күмбірлеген күй ұсынылды.

Батырхан МЕНДЕБАЕВ,
Жамбыл аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы.

● ҚАЛАЛЫҚ ҰЙЫМДА

Қонаев қаласының ардагерлері саяси өмірдегі айтулы шаралардан қалыс қалмай, жастардың бойына адамгершілік тәлім мен рухани тәрбие беру ісіне белсенді атсалысып келеді. Ардагерлердің өмір тәжірибесі жас буынға отансүйгіш қасиетін қалыптастырудың бұлжымас үлгісі екені анық.

Өнеге - қарттардан

Биылғы есеп-беру жиналысынан кейін ұйымдағы ішкі жұмыстар реттеліп, “Асыл ана” және “Алатау жастары” қоғамдық бірлестіктерімен ынтымақтаса жұмыс істеудің жолдары қарастырылып, жоспары жасалды. Ұйым жұмысын жандандыру мақсатында қарт адамдарды әлеуметтік қорғауды жақсарту үшін қала әкімі Асхат Бердіхановпен және мемлекеттік органдардың басшыларымен өзара іс-қимыл жасай отырып, аға буын өкілдерінің қоғамдағы әлеуетін ашуға жәрдемдесудің жолдарын қарастыру пысықталды.

Қалалық “Ұзақ өмір сүру” орталығымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істегендіктен ардагерлер би, хор, цигун, вокал, дейби, шахмет топтарында өздерінің белсенділіктерін танытып келеді. Спорт ардагері Орынбай Тойлыбеков, теміржол ардагері Мұратбай Нағметов, ардагер ұстаздар Дәметкен Нүсіпбекова, Назым Чажайбаева, Мира Колхозқызы елдік мүддеге байланысты туындаған халықтық мәні бар іс-қимылдарға тұшымды пікірлерін айтып, ұйым жұмысының жаңаша сипат алып, алға ілгерілеуіне өмірлік тәжірибелерін ортаға салуда өзгелерге өнеге бола білуде.

Қонаев қаласының өңіріндегі этно-мәдени орталықтарымен, үкіметтік емес ұйымдармен, діни бірлестіктермен, үкіметтік емес сектормен өзара қарым-қатынасын нығайта түсудеміз. Қазақстанның Азаматтық Альянсының ұйымдастыруымен “Ұстаным” пікірталас клубының “Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер-қоғам дамуының негізі” тақырыбында өткен басқосуда ардагерлер қатысып, өздерінің пікірлерін білдірді.

“Таза Қазақстан” акциясы аясында басталған ағаш отырғызу, қаланы көріктендіру, абаттандыру жұмыстарына орайлас басталған көктемгі сенбіліктерге ардагерлер белсене қатысып, сонымен бірге облыс орталығының бүгінгіден де сәнді, бүгіннен де көрікті болу үшін қала тұрғындарына түсіндірме жұмыстарын жүргізуде.

“Бірлік бар жерде береке бар” демекші, жақында қаладағы этномәдени орталықтары мен қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп “Көшпенділер қалашығына” саяхат жасап қайттық. Іле жағалауында таза ауамен тыныстап, ғажап табиғаттың саясында дем алған ардагерлер ризашылықтарын білдірді.

Жылқы жылында атқарылатын жұмыстар сан алуан. Белгіленіп, бекітілген жұмыс жоспарларымызға сай ұйымшылдықпен қоғамдық жұмыстардан қатысу ұйымның басты міндеті болып қала береді.

Базарбай ОРАЛБАЕВ,

Қонаев қалалық Ардагерлер ұйымының төрағасы.

● ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Салт дәстүр - асыл қазынам

Іле ауданы Қараой ауылдық мәдениет үйінде ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған тағылымды шара өтті.



Аталған іс - шараны Асыл ана қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бағдат Аманқызы ұйымдастырып қазақтың көне дәстүрлерінің бірі "Тоқым қағар" салты сахналық көрініс арқылы көпшілікке ұсынылды.

Бұл дәстүр жас азаматтың алғаш алыс жолға шығуына байланысты берілетін ақжолтай тілек, үлкендердің батасы мен ақ ниетінің көрінісі.

Сонымен қатар Ақсай ауылдық округінің Асыл ана қоғамдық бірлестігінің төрағасы Зәуре Қанайбекқызының бастамасымен қазақтың ұлттық жоралғысы "Ілу салу" дәстүрі кеңінен насихатталды. Мұндай игі шаралар ұлттық салт дәстүрімізді жаңғыртып, жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды сіңіруге зор ықпал етеді.

Ұлттың болмысы мен тәрбиесінің негізі - осы асыл мұраларда жатыр. Осындай тағылымды шаралар арқылы ұмыт бола бастаған салт - дәстүрлеріміз қайта жаңғырып, халық жадында жаңаша сипатта жаңғыра түседі.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу ұрпақ тәрбиесінің өзегі, ел болашағының кепілі. Бүгінгі буынға ата - бабадан қалған асыл мұраны насихаттау арқылы біз олардың бойына рухани байлықты, елжандылық пен ұлттық сананы қалыптастырамыз.

Сондықтан мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын тауып, ұлт мәдениетінің өркендеуіне өз үлесін қоса беретіні сөзсіз.

Бағдат БАЙПАҚБАЕВА

Асыл ана қоғамдық бірлестігінің төрағасы

Іле ауданы

● ҰЗАҚ ӨМІР ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫСЫ

Бір жыл қозғалыста



Жасыратыны жоқ, зейнет жасына шыққан ардагерлеріміз көп жағдайда үйінде төрт қабырғаға қамалып қалатын жағдайларын өмір көрсетіп отыр. Осыны бастан өткізген олар өздерін қоғамға керек еместей сезінетіні тағы анық. Осының орнын толтыру және қарт кісілердің денсаулығын түзеу мақсатымен өңір басшысының қолдауымен облыс көлемінде белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарын ашу қолға алына бастаған болатын. Ең бірінші бұл орталық Алматы облысы әкімінің қаулысына сәйкес Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Есік қаласында ашылды. Бүгіндері мұндай орталықтар облысымыздың әр ауданында бар. Олар табысты жұмыс атқаруда. Ол жерлер зейнеткерлердің баратын сүйікті орындарына айналғаны анық.

Осындай орталық Алатау қаласына қарасты Арна шағын ауданында да ашылған болатын. Содан бері өткен бір жыл уақыт артта қалғаны анық. Наурыз айының соңғы күндерінің бірінде Алатау қаласына қарасты осы елді мекеннің Мәдениет үйінде белсенді ұзақ өмір орталығының ашылғанына бір жыл толуына орай мерекелік салтанат шарасы болып өтті. Оған «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының партиялық бақылау инспекторы Е.Нұрпейісов, Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеу-

өз бағаларын беріп, ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісіп жатты.

Осы басқосуда денсаулыққа, шығармашылыққа бағытталған үйірмелердің қызметін алушылардың өмір сүруге құлшындыратын ортаға келгендерінен туындаған пейіл ниеттері ерекше көтеріңкі көңіл-күйлерінен анық байқалды. Олар сахна төрінде көрсетіліп жатқан роликтен өздерін көрсетіп, белсенді қатысқандары туралы ойларымен бөлісіп жатты.

Расында өткен бір жыл орталық қызметін алушылар үшін көңілдері қалаған

мандар жұмыс істейді. Олардың бәрі-өз ісін толық меңгерген, адамдармен психологиялық жағынан жұмыс істей білетін, «халыққа қызмет-мінсіз міндет» деп түсінетін білікті мамандар. Бұл жердегі орталық жұмысына Айнұр Құрманова жетекшілік етеді.

Бір жыл ішінде орталықта кеңесші болып жұмыс істеген осы кісінің бастамасымен сауықтыру бағытында, шығармашылық бағытта арнайы сабақтар өтіп, интеллектуалды кездесулер мен түрлі саяхаттар және мерекелердің ұйымдастырылғанын көз көріп, ақиқатына куә болдық. Шара барысында тамылжыта шырқаған әжелердің ән айту өнеріне, билеген билеріне, жалпы концерттік бағдарламаларына келген көрермендердің риза болғандары да бар.

Осы жердегі тірлікке көмек қолын созған азаматтар да баршылық. Олар орталықтың жұмысы ілгері дамуына қолдан келген жақсылықтарын жасаудан жалыққан емес. Олардың қатарында жеке кәсіпкер Асхат Рысбеков, «LST AGRO» ЖШС директоры, Алатау қаласы мәслихатының депутаты Самат Мухамедьяров

Басқосу барысында «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының партиялық бақылау инспекторы Е.Нұрпейісов, Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдармалар басқармасына қарасты «Белсенді ұзақ өмір орталығы» КММ-нің директоры Ж. Сақташева, Алатау қаласы қоғамдық кеңесінің және «Асыл ана» кеңесінің төрайымы Р.Сауырбаева құттықтау сөздерін айтып, бұл орталықтың ертеңгі күніне жарқын болашақ тілеп, ерекше белсенділік танытқандарды өз тараптарынан



меттік бағдармалар басқармасына қарасты «Белсенді ұзақ өмір орталығы» КММ-нің директоры Ж. Сақташева, Алатау қаласы қоғамдық кеңесінің және «Асыл ана» кеңесінің төрайымы Р.Сауырбаева, этноқоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Г.Сембиев, Алатау қаласы бойынша кеңесші А. Құрманова, нұсқаушылар және осы қызметті алып жүрген ауыл тұрғындары, басқа да келген қонақтар қатысты.

Шара бір жыл ішінде атқарылған тірлік туралы түсірілген видеороликті көрсетуден басталды. Одан кейін оған қатысқандар осы басқосуда бір жыл ішіндегі болған тірлікке, жетістіктерге

ерекше есте қаларлық кезең болғаны анық. Алғашында орталық жұмысына сенімсіздікпен қарап, тосырқағандары да болғаны жасырын емес. Уақыт өте келе оның берер пайдасына көздері жеткендердің саны арта бастаған. Қазір бұл жерде 88 адам орталық қызметін алууда. Мұнда қызметтің оншақты түрі көрсетіледі. Атап айтқанда, олардың ішінде скандинавиялық жүру, IT маманы бойынша, еңбек терапиясы, йога, шахмат, емдік денешынықтыру, вокал, цигун, хореография, психология секілді қызмет түрлері бар. Әр қызмет түрі бойынша арнайы дайындықтан өтіп, қолдарына сертификаттарын алған ма-

Алғыс хаттарымен марапаттады.

Шара соңы «Атамекен» әнімен аяқталды. Алатау қаласы Арна шағын ауданында өткен белсенді ұзақ өмір орталығының бір жылдық салтанатты шарасы осындай жылы атмосферада өткені анық. Ондағы қызметкерлер ары қарай да ардагер зейнеткерлерге өз қызметін адал көрсете береді деген ойдамыз.

Гүлсім ЖАРБОЛОВА,

Алатау қаласы Арна шағын ауданы «Асыл ана» қоғамдық кеңесінің төрайымы.

● ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәрбие - тал бесіктен

Талғар ауданы Бесағаш ауылдық округіндегі N28 орта мектепте “Асыл ана” қоғамдық бірлестігі мүшесі Орынтай Селімбаеваның ұйымдастыруымен, ауыл әкімі, мектеп басшылығының қолдауымен “Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт” жобасы аясында “Ұрпақтар сабақтастығы” атты үлкен іс-шара өтті.



Шараның мақсаты-жас ұрпақты ұлт құндылықтарын сақтауға, әр отбасында ұрпақтар сабақтастығының сақталу заңдылықтарын бүгінгі ұрпаққа көрсету. Ұрпақтар сабақтастығы-тарихи заңдылық. Ата-бала-немере. Шара барысында бала тәрбиесінде үлгі-өнегелерімен көзге түсіп жүрген отбасылар өз тәжірибелерін ортаға салды. Әр отбасы қоғамның бір-бір мүшесі. Өз ұрпағының тәрбиесімен әр отбасы өздері айналысуы керек. Өйткені, Отан отбасынан басталады.

Отбасы-мәдениеттің алғашқы мектебі. Бала ата-анасының өнегесін көріп

өседі. Үлкенге сәлем беру, дастархан басындағы тәртіп, қонақжайлылық, ұлттық дәстүрлерді сақтау, мұның бәрі мәдениетті ұлттың қалыптасуына негіз болады. «Тәрбие-тал бесіктен» деп бекер айтылмаған.

«Ертең өзің қалмау үшін табаға, Жақсы өнеге көрсете біл балаға. Жақсы өнеге көрсе бала бүгінде, Еңбегімен қуантады түбінде» деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, бүгінгі бала-ертеңгі әке, ана, қоғамның белді мүшесі. Сондықтан бала тәрбиесінде ұсақ-түйек болмайтынын естен шығармайық.

А.АЙТУҒАНОВА,

Талғар аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

ВETERАНЫ

СЕГОДНЯШНИЙ МОЙ РАССКАЗ О АЛМАХАН УСМАНОВОЙ. ОНА ВОСПИТАЛА 10 ДЕТЕЙ, НАГРАДИВ ЕЁ (ВДУМАЙТЕСЬ!) 32 ВНУКАМИ! А ВЕРШИНА СЧАСТЬЯ РОДИТЕЛЕЙ – ЭТО, КОНЕЧНО ЖЕ, ПРАВНУКИ, КОИХ У НЕЁ УЖЕ ТРОЕ!

ЖИЗНЬ, ДОСТОЙНАЯ ПРИМЕРА

Биография её обычная. Родилась Алмахан в 1952 году в известном селе Карасаз, у подножия величественных гор Хан-Тенгри, где появился на свет знаменитый, почитаемый народом казахский поэт и писатель Мукагали Макатаев. О родном селе классик литературы писал так: «Карасаз, кара шалғын мекенде өстім. Жыр жазсам оған, жұртым, елендестім».



После окончания школы в 1971 году она вышла замуж за местного парня – Тузельбая Базарбаева. С 1975 года по 1985 год работала регистратором фельдшерской амбулатории. А супруг был шофёром.

Так случилась, что вслед за подростками детьми, им обоим пришлось покинуть родные места и переехать поближе к Алматы. Так в 1986 году они оказались в Жана Арне. Здесь они нашли себе сильную работу в многопрофильном промышленном цехе и на других участках, пока не вышли на заслуженный отдых.

А сегодня, будучи на пенсии, супруги не сидят без дела, всегда поддерживают друг друга, приходят на помощь в любых общественных делах. Их дом полон гостей, для которых всегда накрыт богатый дастархан.



Многодетная семья – это отдельный и важный этап в жизни Алмахан, сопровождающий её всю жизнь. «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар», - точно подмечает древняя казахская поговорка. Дети, выросшие под присмотром мамы, всегда стараются помогать друг другу по дому и хозяйству, и это правило передают своим детям – внукам и внучкам Алмахан и Тузельбая.

Сейчас, когда дети уже завели свои семьи, отделились, у Алмахан забот не убавляется, и её редко застанешь дома. Она провозит детисшек в школу, водит на различные кружки. Маму приглашают к себе в гости в другие сёла то сын, то дочь.

И ещё отмечу такую характерную черту Алмахан – её такт, умение слышать и слушать. Она своего рода домашний педагог. Если ребёнок неправ, она мягко, не повышая голос, делает замечание и подсказывает, как надо поступить, как исправить ошибку. Наверное, поэтому её любят внуки. Многие из них получили достойное образование, нашли своё место в жизни или продолжают учёбу.

Так, Серикбай Тузельбай является докторантом КазНУ имени Аль – Фараби. Аялым Тузельбай – выпускница этого же вуза, сегодня работает учителем истории в специализированной гимназии № 199 города Алматы. Арман Тузельбай обучается на 4 курсе КазНУ имени Аль- Фараби.

Шугыла Тузельбай после окончания алматинского вуза и углублённого изучения английского языка успешно прошла конкурс и трудоустроилась в аэропорту Дубая, где работает мерчендайзером и консультантом бренда Dior. Алуа Тузельбай получает образование в Almaty Management University по специальности «Гостиничное дело и ресторанный бизнес».

Галина ИГИБАЕВА,
жительница микрорайона Жана Арна города Алатау.

АЗАМАТ ТУРАЛЫ АЗДАҒАН СӨЗ

АУЫЛ АҒАСЫ

Әлемде адам баласы үшін ата-ананың орны бөлек, ерекше. Әнде айтылғандай мен бүгін еліне елеулі, жұртына қалаулы Ақтам ауылы ғана емес, облыс көлемінде еңбегі еленіп жүрген бір отбасының құрметті әкесі Бекет аға жайлы толғанамын.

Бекет аға талай ақындар мен батырлары бар Бөдеті (Кепебұлақ) ауылында дүниеге келген. Орта мектепті көшіп келулеріне байланысты Ақтам ауылында бітірген. Өзінің еңбек жолын комсомол ұйымы хатшысы ретінде бастап, сол кездегі жастарға үлгі болып, өзінің шеберлігін жастарға көрсете білді. Есепші мамандығын алу үшін оқуын жалғастырды. Оқуын бітірген соң көптеген мекемелерде жұмыс істеп, әр ісінде жастарға үлгі бола білді. Хатшы, бөлім бастығы, азаматтық қорғаныс штабындағы жұмыс, құс фермасындағы еңбек, ұйқысыз түндер, тынымсыз еңбек Бекет ағамызды шыңдады. Зейнеткерлікке шыққанға дейін есепші болып Тель-

ман атындағы колхозда істеді. Зейнетке шыққан соң жеке шаруашылықпен айналысты. Өз ісінің жемісін көре білді.

2013 жылдан бүгінгі күнге дейін Ақтамдағы ауылдың ардагерлер кеңесі төрағасы. Ауыл ардагерлерінің үлгі алатын төрағасы.

Ағамыз ауыл ардагерлерін «Алатау ардагерлері» газетіне жазылуға ұйытқы болып келеді. Ауданда ең бірінші ардагерлер кеңесі бөлмесін қазіргі талапқа сай жабдықтады, басқа төрағаларға үлгі бола білді. Ауылда өтетін сайлауларда үнемі белсенділік көрсетіп келеді. Ағамыздың ауыл тұрғындары арасында беделі зор. Жақында «Алматы облысының құрметті



ардагері» белгісімен марапатталады. Қуанышында шек жоқ. Бәріміз қуанышына ортақ бола білдік.

Бекет аға жұбайы Айшархан апайымыз екеуі 5 баласын ержеткізіп ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. 45 жыл ұстаздық еткен Айшархан апай аға екеуі әр баласын дұрыс тәрбиеледі. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп қазақ бекер айтпаса керек.

Қызы Зияда – ұстаз, ұлы Абзал әскери академияда сабақ береді. Жомарт – жеке кәсіпкер. Қызы Алвира өз ісін қолға алған. Ұлы Жарқын Қазақ автожол мекемесінің Ұйғыр аудандық филиалында басшы болып қызмет атқаруда. Ұлдары мен қыздары әкесі мен шешесін аялап, алақандарында ұстап отыр. Бұдан артық бақыт жоқ шығар.

Рая САРТОЛОВА.

РУХАНИ МҰРА

ГАЗЕТ – ХАЛЫҚ ҮНІ

Ардагерлердің төл басылымы – аға буынның өмірлік тәжірибесін, өнегелі жолын, қоғамдағы орнын насихаттайтын маңызды рухани әрі ақпараттық құрал. Газет-халықтың үні десек, бұл орайда «Алатау ардагері» басылымы аға ұрпақтың ой-пікірін, ұсыныстарын, қоғамдағы өзекті мәселелерге көзқарасын жеткізетін алаң. Сол арқылы олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына мүмкіндік береді. «Алатау ардагері» қоғамдық-саяси газеті-тарих пен тағылымның шежіресі. Басылым бетінде соғыс және еңбек ардагерлерінің естеліктері, ел дамуына қосқан үлестері, өткені мен бүгінгі жалғаған тағылымды әңгімелері жарияланады. Атап айтқанда, «Мерей биігінде», «Гибрат», «Жақсы адамдар жүр қасымызда», «Азамат туралы сыр» айдарларымен Алматы облысының дамуына үлес қосқан адамдар жайлы көптеген мақалалар жарияланды.

Ұрпақтар сабақтастығын нығайтатын көпір ретінде ардагерлердің төл басылымы жастарға үлгі-өнеге көрсетіп, олардың бойында отансүйгіштік, адамгершілік, еңбекқорлық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Мұның өзі аға буын мен жас буын арасындағы байланыс ты нығайтады. «Жас келсе іске», «Армандастар- құрдастар», «Ел ертеңі жастар қолында», «Ел қорғаны», «Ел айбыны – қарулы күштер», «Отан қорғау-абыройлы міндет», «Әскери – патриоттық тәрбие» айдарымен кәсіпкер, өнерпаз, спортшы жастар, жастар саясаты туралы жазып, аудандарда өткен әскери-патриоттық іс-шаралар насихатталады.

Аға ұрпақтың төл басылымы «Аудандық ұйымдарда», «Бастауыш ұйымдарда» айдарымен облыстық, аудандық ардагерлер кеңесінің, ауылдардағы бастауыш ұйымдардың жүргізіп жатқан жұмыстарын насихаттап, сан түрлі іс-шаралар, кездесулер

мен игі бастамалар туралы ақпарат таратады. Мұның өзі ұйым мүшелерінің бірлігін арттырып, оларды ортақ мақсатқа жұмылдырады. «Ортақ шаңырақ», «Отбасылық ортақ келісім», «Ұлт бірлігі берік қолда», «Халық бірлігінің іргетасы» айдарларымен дін саласындағы саясатты, қоғамдық және ұлтаралық келісімнің, жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін халыққа таныстыру мақсатында мешіт имамдарының, этнос өкілдерінің, «Асыл ана» қоғамдық білестіктері төрайымдарының мақалалары жарық көреді. «Отбасылық құндылық», «Отан бастауы-отбасынан», «Гендерлік саясат», «Ана мен бала», «Қоғам және әйел» айдарларымен қоғамдағы отбасылық құндылықтарды нығайту жөніндегі саясатты, гендерлік саясатты, ана мен баланы қорғау жөніндегі қызметті, қоғамдағы әйелдердің ролін, демографиялық саясатты кеңінен дәріптеу мақсатындағы ауданда өткен шаралар

газетте жарияланып, тиісті жұмыстар бойынша мақалалар ұйымдастырылды. «Ұлттық құндылық», «Дәстүр», «Тарихың-тамырың», «Атадан қалған дәстүр бар», «Әдет-ғұрпың-болмысың» атты айдарлар арқылы қазақ халқының рухани құндылықтарының дамуы мен ел тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, қазақ халқының болмысын үнемі ақпараттық қолдап және түсіндіріп, ардагерлер ұйымдарының қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын дәріптейтін шаралары басылымда кеңінен насихатталады.

Негізінен алғанда ардагерлердің төл басылымы-даналықтың дәнін сеуіп, ұлттың рухани құндылықтарын сақтауға қызмет ететін ерекше басылым. Ол-өткеннің өнегесін бүгінге жеткізіп, келешекке бағыт-бағдар беретін маңызды рухани мұра.

Роза АЙДАРБЕКОВА,
«Алатау ардагері»
газетінің бас редакторы.

ОЙМАҚТАЙ ОЙЛАР

Адам өмір есігін ашқанда жұдырығын жұмып келеді. Ал о дүниеге аттанарда алақаны ашық жатады. Неге екенін білесіз бе? Себебі, өмір есігін ашқанда адамда: «Бұл әлемдегінің бәрін ұсымнан шығармасам екен» - деген ой болады. Ал бақиға сапар шеккенде ештеңені алып кете алмайтынын басқаларға дәлелдеп кетеді.

Бірде баласы әкесінен: «Әке, сіздің күлкіңіз бен менің күлкімнің айырмашылығы қандай?» - деп сұрапты. Сонда әкесі: «Балам, сен өзіңді бақытты сезінгенде күлесің. Ал, мен сенің бақытты екеніңді көріп, мээ боп күлемін», - деген екен.

Қой қамаған қораға ешкі кірген, атты әскер мен пілді де пешкі көрген заманда елде жүрген естілерден естір сөз ескерілмей, еленбей қалады екен. Жағымпаздар жарысы қызған сайын жазғыштардың жолы болады екен. Бірақ, солар, аты шықпай жер өртесе де, тарихта қала ма екен?!

Ұлттың тілден алыстауы – сөз бен істің қабыспауы. Сөз жүзінде қазақ тілін дамытайық деген қайраткерсымақ іс жүзінде ана тілін өзге тілден кем көрсе жағдай қайдан түзелсін?! Сөзі басқа адамның ісі басқа болған соң олардан қандай үлгі-өнеге алуға болады?!

Күн көзі қызып тұрса – сүйіндіреді, қатты күйдіріп кетсе – күйіндіреді. От қалыпты жанса – жылытады, қатты жанса – өртке айналады, құртады. Су арнадан асса – тасып кетеді, аспай қалса, ақпай қалса, сасып кетеді. Жауын ұзақ уақыт жаумай қойса – зарықтырады, қоймай жауса – жалықтырады.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 8500
Тапсырыс №749
Индексі – 65472.

АЛАТАУ
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334